

# ТӨРЛЕТ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Аудан әкімі Ғалымжан Қанатұлы Маманбаевтың Жаңа жыл мерекесімен құттықтауы

Ардақты ағайын, қадірменді жерлестер! Өткен жыл Тәуелсіздігіміздің, береке-бірлігіміздің сынға түскен, сынаққа толы жыл болды. Сөзсіз егемендігіміздің 34-ші жылы еліміздің жылнамасына қауіп пен қатер, үміт пен күдік қатар өрілген жыл ретінде жазылды. Дей тұрғанмен осы өткен жылдардың әрбір кезеңі мерейлі мемлекетіміздің күш-қуатын арттыруға қызмет етті. Жасампаздықтың, бейбітшіліктің, бірліктің айқын үлгісін көрсеткен Қазақ елі бейбіт жолмен әлемдегі өз орнын айқындап, экономиканың жаңа кезеңіне аяқ басты. Өткенге салауат айтып, болашаққа үлкен үміт, зор сеніммен қарайтын Қазақ халқы өзге ұлттармен татулықта тірлік кешіп, тұрақтылықтың негізін қалады. Бүгінгі жеткен толағай табыстың тамыры осынау бейбітшілікпен бекемделіп, тұрақтылықпен тұғырланып тұрғаны даусыз. Біздің басты байлығымыз да осы.

2025 жыл ауданымыз үшін мазмұнды да мағыналы болды. Ел бірлігі мен ортақ еңбектің арқасында әлеуметтік-экономикалық даму бағытында нақты нәтижелерге қол жеткіздік. Ауданымызда жаңа нысандар пайдалануға беріліп, инфрақұрылым жақсарып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Бұл жетістіктер – сіздердің адал еңбектеріңіздің, ынтымақ пен татулықтың жемісі. Әрбір тұрғынға ауданның дамуына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіремін.

Алдағы Жаңа жыл баршамызға жаңа мүмкіндіктер мен тың бастамалар әкелсін. Әр шаңыраққа береке-бірлік, зор денсаулық, мол табыс пен шаттық сыйласын. Балалардың күлкісі мен қарттардың ақ батасы үзілмесін!

Құрметті сарқандықтар! Жаңа жыл құтты, мерекелік көңіл күйге толы болсын!



## SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №53 (95158) 26 желтоқсан 2025 ж.



### Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Жапония» бизнес форумына қатысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар іс-шараға Жапония Премьер-министрі Санаэ Такаичи, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын аясында «Жасыл даму және орнықтылық», «Цифрлық трансформация мен өзара байланыс», «Қаржы, адам ресурстары және бизнеске арналған әлеуметтік жүйені дамыту» секілді тақырыптық сессиялар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ Орталық Азия мен Жапонияның іскерлік орта өкілдері кездесулер өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары және «Орталық Азия – Жапония» бизнес форумының қорытындысы бойынша қазақстандық тарап пен жапон бизнес құрылымдары арасында жалпы құны 3,72 миллиард доллар болатын 60-тан астам құжатқа қол қойылды.

### Мемлекет басшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты

Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербургте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы қонақжайлық танытып, іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Президент Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Жаңа жыл қарсаңында Петербургтегі дәстүрлі кездесу жылды қортындылап, алдағы күнге жоспар құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Президент биыл Еуразиялық экономикалық одақ үшін мерейлі жыл болғанын еске салды. Ұйым дамудың екінші онжылдығына батыл қадам басты. Осы кезең ішінде өзара сауда-саттық тұрақты түрде өсіп, ірі инфрақұрылым жобалары табысты жүзеге асты және өнеркәсіп кооперациясының аясы кеңейе түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдардағы жаһандық дүрбелеңдерге қарамастан, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық даму қарқыны бәсеңдемегеніне тоқталды.

– Биыл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жиынтық ІЖӨ көлемі 2 пайызға ұлғаймақ. Алдағы екі жылда ІЖӨ өсімі тұрақты болады деп болжанып отыр. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғалы бері ұйым елдерінің бір-біріне салған тікелей инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанға келген инвестиция жеті еседей өсті (2015 жылы 600 миллион доллар, 2024 жылы – 4 миллиард доллар). Өнеркәсіп өнімі 29 пайыз артып, 1,5 триллион долларды құрады, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте).

### ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТМД-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУІНЕ ҚАТЫСТЫ

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше елдер басшыларының кездесуіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Ресей Президенті Владимир Путин, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

ТМД басшылары өзара ынтымақтастықтың негізгі даму бағдары мен қадамдарын талқылады.

Сондай-ақ Ұйым аясындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.



### ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БАС ПРОКУРАТУРА, МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ, ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ПӘТЕР КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында прокуратура мен күштік құрылымның бір топ қызметкері баспаналы болды. Мемлекет басшысы Ақордада өткен салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығын қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау стратегиялық маңызы айрықша міндет екеніне назар аударды.

– Сіздер ел тыныштығын қырағы қорғап, тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қоғамда «Заң мен тәртіп» және әділдік қағидатын орнықтыру үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Жұмыстарыңыз – оңай емес, күрделі. Соған қарамастан кәсіби білікті, жауапкершілігі жоғары маман ретінде елімізге адал қызмет етіп жатсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Мінсіз қызмет қашанда жоғары бағалануға тиіс. Мемлекет өздеріңіз сияқты өз ісіне адал азаматтарды әрдайым қолдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



(Соңы. Басы 1-бетте).

Президент ЕАЭО-ның экономикалық әлеуетін одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударып, интеграциялық бірлестікті дамытудың басым бағыттарын айқындады.

– Әлем жаппай цифрлық трансформация мен жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Уақыт ағымынан қалмай, заманауи технологияларды ЕАЭО-ға мүше елдер экономикасының барлық саласына енгізу қажет деп санаймын. Жасанды интеллект технологиясын ЕАЭО қызметіне енгізе бастауды ұсынамыз. Атап айтқанда, мұндай жүйелерді сауда ағынын жоспарлауға және кедендік баж салығының ықпалын бағалауға қазірдің өзінде пайдалануға болады. Келесі жылы Қазақстан ұйымға төрағалығы аясында дәстүрлі Еуразия экономикалық форумын өткізеді. Осы жиында Экономикалық одақ кеңістігінде Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану туралы бірлескен мәлімдеме қабылдауға болар еді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ЕАЭО әлемдегі маңызды көлік-логистика торабы бола алады.

– Бірлестік құрамындағы мемлекеттердің аумағы арқылы Батыс Қытай – Батыс Еуропа, Солтүстік – Оңтүстік, Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді негізгі дәліздер өтеді. Қазақстан шетелдік серіктестермен бірге (Ресей Федерациясында, Қытайда, Өзбекстанда және басқа да елдерде) халықаралық мультимодальды логистика орталықтары мен терминалдар желісін (Румыния мен Мажарстанда) дамытуды белсенді қолға алды. Серіктестерімізді саудасаттықты жандандырып, жүк тасымалы шығынын азайту үшін ұйымға мүше өзге

## Мемлекет басшысы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты

мемлекеттерді де осы іске атсалысуға шақырамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Каспий жағалауындағы теңіз инфрақұрылымы арқылы ынтымақтастықтың тың мүмкіндіктеріне жол ашылатынын жеткізді. Президенттің айтуынша, Каспий теңізіндегі негізгі порттарда орналасқан заманауи контейнер хабтары ұдайы ұлғайып келе жатқан жүк тасымалына қызмет көрсете алады. Бұл ретте ол ұйымға мүше елдердің транзит әлеуетін нығайтуға серпін беретін Кеме қатынасы туралы келісімнің күшіне енуін жеделдетуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемде сұранысқа ие, қосылған құны жоғары өнім шығаруға бағдарланған жаңа өндіріс орындарын дамытуға баса мән берген жөн.

–Еуразиядамубанкісарапшыларының есебіне сәйкес, ЕАЭО елдерінің өнеркәсіп тауарларын шығару және экспорттау бойынша қосымша мүмкіндігі 67 миллиард долларға бағаланады. Осы әлеуетімізді толық пайдалансақ, түпкі нәтижесі 500 миллиард долларға жетуі ықтимал. Аталған мақсатқа жету үшін өнеркәсіп кооперациясын күшейту қажет. Бұл орайда серпінді инновациялық жобаларға инвестиция құйған жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өзара саудасаттықтағы әкімшілік кедергілерді толықтай жоятын уақыт келгенін мәлімдеді.

– Азаматтардың еркін қозғалуына

мүмкіндік бермейтін қолдан жасалған шектеулерді алып тастап, шекарадағы жүк көліктерінің ұзын сонар кезегін жою қажет. Кедендік реттеу және (көлік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық) мемлекеттік қадағалау шаралары ұйым ішіндегі кейбір шешімдерді өткізу құралы ретінде қолданылмауға тиіс. ЕАЭО құрылғалы бері кедергісіз сауда ортасын қалыптастыруға бағытталған біршама құжат қабылданды. Енді осы ортақ міндеттерді мүлтіксіз сақтап, өзара алыс-беріс пен барыс-келіске «тұсау болатын түйткілдерді» уақтылы шешіп отыру керек. Комиссия кедергілерді шұғыл анықтау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамалық бастамаларына мониторинг жүргізетін жасанды интеллект технологиясын қосу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Кедергісіз нарық пен тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету басты міндет болуға тиіс. Азаматтар мен бизнес интеграцияның нақты пайдасын көруі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық аясын кеңейтуді белсенді қолға алған дұрыс деп санайды.

– Биыл Моңғолиямен Еркін сауда аймағы туралы келісімге, Біріккен Араб Әмірліктерімен Экономикалық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Бүгін Индонезиямен осындай мәміле жасалады. Біз мұны құптаймыз. Бұл – бірлескен жұмыстың елеулі нәтижесі. Әрі өзге елдердің Еуразиялық экономикалық одақпен сауда байланыстарын

тереңдетуге қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Таяу келешекте ЕАЭО-ның Жаһандық Оңтүстік, Араб елдерімен, Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка мемлекеттерімен ықпалдастығын кеңейту маңызды деп санаймыз. Сонымен қатар ШЫҰ, АСЕАН секілді басқа да маңызды ұйымдармен ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлу керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттер алдында салмақты шешім мен үйлесімді әрекетті талап ететін күрделі міндеттер тұрғанына назар аударды.

Президент келесі жылы Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық ету миссиясы Қазақстан Республикасына өтетінін еске салды. Мемлекет басшысы еліміз жаңа табысқа қол жеткізіп, бірлестік елдерінің игілігін еселеу үшін нәтижелі жұмыс жүргізуге ниетті екенін жеткізді. Президент Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысы 28-29 мамырда Астанада өтетінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым төрағасы міндетін табысты атқарғаны үшін Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкоға алғыс айтты.

Сонымен қатар саммитке Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Индонезияның, Иранның және Кубаның өкілдері қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

# Жетісу облысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 11%-ға артты

**Жетісу облысында Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдегі аграрлық сала мамандарын марапаттап, облыстың үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жаңа тракторлар табыс етті. Атап өтсек, биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы өнім көлемі 2 млн тоннаға жетті. Сонымен қатар өткен жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 11%-ға өсіп, 90 млрд теңге болды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Салтанатты жиын басталар алдында Бейбіт Исабаев І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының фойесінде ұйымдастырылған көрмені аралап көрді. Көрмеде өңірде өндірілетін түрлі өнімдер мен агротехнология саласындағы бірқатар жаңашылдықтар ұсынылды.

Мерекелік құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің II форумында қойған міндеттеріне арнайы тоқталды.

– Бұл күн – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып жүрген еңбек адамдарына деген құрметтің белгісі. Біздің алдымызда облыстағы ауыл шаруашылығының жалпы өнімін арттырып, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру және оны жоғары технологияға негізделген сала ретінде дамыту міндеті тұр. Биыл агросубъектілерді қолдауға мемлекет тарапынан 61,2 млрд. теңге қаражат бөлінді, оның 25,2 млрд. теңгесі - субсидия, 24 млрд. теңге - жеңілдетілген кредиттер, 12 млрд теңге - лизингтік



бағдарламалар. Соның нәтижесінде жаңа ауыл шаруашылығы техникасы алынып, машина трактор паркі жаңартылуда. Су үнемдеу технологиясы енгізіліп жатыр. Биыл облыс диханшыларының қажырлы еңбектерінің арқасында 2,0 млн. тонна ауыл шаруашылық дақылдары жиналды. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, адал еңбектеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз, - деді Бейбіт Исабаев. Мұнан кейін жиын марапаттау рәсімімен жалғасты.

Облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығының үздігі» төсбелгісімен, ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хатымен және облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұдан соң «Өңірдің үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері» номинациясы бойынша жеңімпаздарға құрмет көрсетілді. Атап айтқанда, шаруа қожалықтары арасынан

Қаратал ауданының «Ерен Тау» ШҚ үздік деп танылса, заңды тұлғалардан Алакөл ауданының «Сельский механизатор» ЖШС жеңімпаз атанды. Олардың басшыларына I дәрежелі дипломдар мен жаңа трактор кілттері табысталды.

Ал қайта өңдеу кәсіпорындары арасында Талдықорған қаласында сүт өнімдерін өндіретін «Ләззат-2016» ЖШС үздік деп танылды. Марапат ретінде I дәрежелі диплом мен ақшалай сертификат берілді.

Марапатталғандар атынан Қаратал ауданындағы «Ерен Тау» шаруа қожалығының жетекшісі Қаһарман Мағдысқасым сөз сөйледі:

– Біздің шаруашылық егіншілік пен малшылықты қатар дамытып келеді. Негізінен қант қызылшасы мен жүгері өсіреміз, алдағы уақытта күнбағыс өсірсек деп жоспарлап отырмыз. Қожалықта 1600 бас ұсақ мал бар. Өнімділікті арт-

тыру және суармалы суды үнемдеу мақсатында ылғал үнемдеу технологияларын белсенді түрде енгізе бастадық. Қазіргі таңда шаруашылығымызда 480 гектар алқапта тамшылатып суару жүйесі қолданылады, ал келесі жылы бұл көрсеткішті 800 гектарға жеткізуді көздеп отырмыз. Еңбегіміздің бағаланғаны қуантады. Жаңа трактор көктемгі егіс науқанын сапалы жүргізуге үлкен көмек болады, – деді ол.

Ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысушы, «Евразиян дринкс» ЖШС өкілі Мадияр Түйебаев та өз пікірін білдірді. Аталған кәсіпорын биыл көктемде Талдықорған қаласында бал қосылған қымыз, сондай-ақ өзге де сүтті сусындар өндірісін жолға қойған:

– Өнімімізге қажетті шикізатты негізінен Текелі қаласынан аламыз. Бие сүтінен алынған ашытқыны пайдалана отырып, «балқымыз», яғни бал қосылған қымыз өндіруді қолға алдық. Сонымен қатар айран, «Таң» сусыны және ішетін йогурт шығарамыз. Осы аптада 3 тонна өнім өндірілді. Қазіргі таңда өнімдеріміз Талдықорған қаласында сатылып жатыр, ал айран Алматы қаласына жеткізіле бастады. Алдағы уақытта өнімдерімізді Қытай еліне экспорттауды жоспарлап отырмыз, қазір дайындық жұмыстары жүргізілуде. Басты мақсатымыз – халықты қолжетімді бағада сапалы өніммен қамту. Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған көрмеде өз өнімімізді ұсынуға мүмкіндік туғанына қуаныштымыз, – деді ол.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ӨНДІРГЕН ӨНІМ КӨЛЕМІ 15,2%-ҒА АРТТЫ

Жетісу облысында шағын және орта бизнес субъектілері өндірген өнім көлемі екінші тоқсанның қорытынғысы бойынша 566,3 млрд. теңгені құрап, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға артты. Жалпы, биылғы жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес өңірде 63 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді, яғни 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға ұлғайған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, кәсіпкерлік белсенділіктің өсуімен қатар салықтық түсімдер көлемі де артуда. Осы жылдың 1 қарашасына бюджетке түскен салық түсімдері 57,1 млрд. теңгені құраған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,6%-ға жоғары. Аталған динамика салық базасының кеңейгенін және сектордың қаржы-

лық тұрақтылығының артқанын көрсетеді.

Сондай-ақ осы жылдың екінші тоқсанының қорытынғысы бойынша шағын және орта бизнес секторында 107,3 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5%-ға жоғары.

- Шағын бизнесті ынталандыру және ірілендіру бағытында белсенді жұмыстар жүргізілуде. 2025 жылы шағын және орта бизнесті қолдауға 5,9 млрд. теңге бағытталып, жалпы 8,2 млрд. теңгені құрайтын 111 жоба қаржыландырылды. Сонымен қатар кәсіпкерліктің тұрақтылығын арттыру мақсатында 2025 жылы сервистік қолдауға жергілікті бюджеттен 31 млн. теңге бөлініп, 1 011 кеңес берілді. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр және тұрақты бақылауда болады, - деді басқарма басшысы Серік Сәбетайұлы.

Сол сияқты «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында биылғы 22 желтоқсанға дейін жалпы 1,8 млрд. теңгеге 246 өтінім мақұлданды. Нақты 1,2 млрд. теңгеге 171 микрокредит мал шаруашылығы саласына және өзге де бизнес түрлеріне берілді. Биылғы жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 2,5 млрд. теңге бөлінді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында ерікті өрт сөндіру бекеті іске қосылды. Бұл - азаматтық қорғау жүйесін дамыту мен нығайтуға бағытталған ведомстволық «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасымен жергілікті бюджет қаражатына салынған алғашқы нысан, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## Жетісуда алғашқы ерікті өрт сөндіру бекеті ашылды

Жаңа өрт сөндіру бекеті Қаратал ауданы Алмалы ауылында орналасқан. Бекет Алмалы ауылы мен оған іргелес екі елді мекенге қызмет көрсетеді. Штатында 8 қызметкер бар, яғни 4 өрт сөндіруші, 4 жүргізуші қарастырылған. Жеке құрам өрт пен өзге де төтенше жағдайларға жедел әрекет етудің арнайы даярлығынан өткен.

Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының айтуынша, ауылдық елді мекендердің өрттің алдын алудағы қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан барлық қолдау көрсетіліп отыр. Мұнда жұмыс істейтін жеке құрамның тұрақты дайындығы мен темірдей тәртібі аса маңызды. Өйткені олардың жұмысы жүздеген отбасының өмірі мен әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ал аталған нысанның іске қосылуы өрт шыққан жағдайда әрекет ету уақытын қысқартып, адам өмірі мен мүлікке төнетін қауіптің алдын алуға жағдай жасайды.

- Бұған дейін осы ауылдан бөлек көршілес ауылда да толыққанды өрт сөндіру бекеті болған жоқ. Оның міндетін ескі ғимарат пен ауыл тұрғындарынан құралған төрт ерікті атқаратын. Өрт шығу қаупі туындаған жағдайда мұнда су толтырылған цистерна сақталып, қажет болған кезде оны оқиға орнына сүйреп апаратын. Аудан орталығынан өрт сөндіру техникасы келгенге дейін өртті шамамыз келгенше ауыздықтауға тырысатынбыз. Ал қазір кәсіби мамандардан құралған жаңа команда мен заманауи техника кез келген жағдайға жедел әрі тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді, - дейді Қаратал ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қуаныш Рақатаев.

Атап өтсек, Алмалы ауылында бүгінде 800-дей, ал Байшегір ауылдық округі аумағында 1300 адам тұрады. Енді жаңа өрт сөндіру пункті округ тұрғындарының қауіпсіздігін арттырып, азаматтық қорғау жүйесін нығайтуға елеулі үлес қоспақ.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында «Legal Talk: ашық микрофон» форматындағы жастар форумы өтті

Қоғамның тұрақты дамуы мен азаматтардың қауіпсіз Көмір сүруі ең алдымен заң үстемдігіне, тәртіп пен жауапкершілікке тікелей байланысты. Құқықтық мәдениеті жоғары, саналы әрі белсенді жас ұрпақ - әділетті қоғамның негізгі тірегі. Осы мақсатта «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Жетісу облысында «Legal Talk: ашық микрофон» форматындағы жастар форумы өткізілді. Аталған форум жастар мен мемлекеттік органдар арасындағы ашық диалогты нығайтуға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және қоғамдағы өзекті құқықтық мәселелерді бірлесе талқылауға бағытталған маңызды алаңға айналды.



Форум ашық микрофон форматы болды. Бұл формат қатысушыларға өз ойларын еркін білдіруге, көкейінде жүрген сұрақтарын тікелей сала мамандарына қоюға және нақты, түсінікті жауап алуға мүмкіндік берді. Іс-шара барысында заң мен тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, жастардың құқықтары мен міндеттері, интернет кеңістігіндегі қауіптер, құқық бұзушылықтардың алдын алу тақырыптары кеңінен қозғалды.

Форумға спикер ретінде Жетісу облысы әкімінің орынбасары Есдәулетов Диас Рахметұлы, Жетісу облысының прокуроры Жұмақанов Бауыржан Альбертұлы, Жетісу облысының Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Түмелиев Еркін Амангелдіұлы, Жетісу облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Байкенов Жасұлан Құдайбергенұлы қатысты.

Сала мамандары жастармен ашық пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісіп, құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы өзекті бағыттарға тоқталды.

Іс-шара барысында интерактивті



ойын ұйымдастырылып, 1-орын иеленген қатысушыға алғыс хат пен сыйлық табысталды. Қатысушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл жастардың құқықтық тақырыптарға деген көзқарасын жеңіл әрі түсінікті форматта қалыптастыруға ықпал етті.

Аталған форум жұмысына 200-ге

жуық жас тартылды. Форум жастардың азаматтық ұстанымын нығайтуға, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеуге және қоғамдық тәртіпті күшейтуге бағытталған жүйелі жұмыстың маңызды бөлігі болды. Бұл - тек пікір алмасу алаңы ғана емес, жауапкершілігі жоғары, саналы қоғам қалыптастыру жолындағы нақты қадам.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті Ақерке Есқараеваның айтуынша, іс-шара өте қызықты әрі мазмұнды өтті.

- Құқық қорғау органдарының басшылары мен облыс әкімі орынбасарының жастармен кездесуге арнайы келуі ерекше әсер қалдырды. Олар қойылған сұрақтарға ашық түрде жауап беріп, күрделі тақырыптардан қашқан жоқ. Мұндай формат заң мен тәртіптің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе дропперлік тақырыптың талқылануы есте қалды, себебі бұл қазіргі жастар үшін өзекті мәселе. Көп жағдайда оның салдарына мән берілмей жатады, сондықтан мұндай түсіндіру жұмыстары өте маңызды. Осындай жастармен ашық кездесулер алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылса деген ойымыз бар, - деді ол.

**Облыстық қоғамдық даму басқармасының материалы бойынша.**

**Ауыл шаруашылығы қызметкері – халықты азық-түлікпен қамтамасыз етіп, елдің экономикалық тұрақтылығына үлес қосатын басты күш. Таңның атысынан күннің батысына дейін тынымсыз еңбек етіп, жердің тілін таба білген диқан мен малшының маңдай тері – ел ырысы. Табиғаттың қилы мінезіне қарамастан, өнім мол болсын деп еңбектенген ауыл еңбеккерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Олардың адал еңбегі – ауылдың берекесі, елдің болашағы.**

**Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты жиында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің осынау ерен еңбектеріне лайықты баға беріліп, саланың күнгейі мен көлеңкесі сарапқа салынды.**

Салтанатты жиын бастауында Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев ауыл шаруашылығы қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады.

–Құрметті агроөнеркәсіп кешені еңбеккерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Елдігімізді еселеп, бірлігімізді нығайтқан Тәуелсіздік жылдары ішінде ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа деңгейге көтерілді. Ел экономикасын дамыту мен ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттырудағы жетекші күшке айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ауыл шаруашылығына озық технологияларды енгізіп, сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру – мемлекеттің басты міндеті» деген болатын.

Сарқан жері – ауыл шаруашылығын дамытуда жоғары деңгейімен танымал, осы саладағы әлеуеті зор өңір. Біздегі табиғаттың байлығы: құнарлы жер, өзен-көлдер, мал мен құс, ірі шаруа қожалықтары, ең бастысы – еңбекқор адамдарымыз бар,- деді.

Ғалымжан Қанатұлының айтуынша бүгінгі күнге ауыл шаруашылық бағыты бойынша 1 700 шаруа қожалықтары жұмыс істеп, аграрлық секторда 68 млрд. 224 млн. теңгенің өнімі өндірген. Дей тұрғанмен жеткен жетістікке тоқмейілсмей, алға қадам басу қажеттігін ескерген аудан әкімі -Аграрлық саланы жаңа деңгейге көтеру қажет. Осы саланы сапалы серпіліске шығару үшін жүйелі реформалар жүргізіліп, биыл фермерлерді қолдауға Аграрлық несие кооперациясы арқылы ауданға Кең Дала және Агробизнес бағдарламаларына 2 млрд 750 млн теңге қаражат бөлініп, қолдау көрсетілді.

Аудан бойынша 98 200 гектар жерге егін себіліп, дәнді дақылдардан 137 мың тонна, майлы дақылдардан 71,1 мың тонна өнім алындығын атап өтті.

Минералды тыңайтқыштарды ғылыми негізде және тиімді қолдану егін өнімділігін арттырудың маңызды тетігі екендігін атап өткен өңір басшысы аудан бойынша минералды тыңайтқыштарды пайдалану көрсеткіші 12 578 тоннаға жетіп, бұл облыс деңгейіндегі жоғарғы көрсеткіш екендігіне жеке тоқталды.

Мысалы «Қажырлы еңбек түбі береке мен ырыс» екенін дәлелдеп, дәнді дақылдар бойынша «Егемен» шаруа қожалығы күздік бидайдан 35 центнерден, «Макетов» шаруа қожалығы күздік бидайдан 35 центнерден, «Калкеев» шаруа қожалығы жаздық арпадан 37 центнерден өнім алған.

Ал «Душкин С» мен «Еремеев» шаруа қожалығы күнбағыстан 30 центнерден, «Вахитов» шаруа қожалығы күнбағыстан 35 центнерден өнім жинаған.

Стратегиялық дақыл – қант қызылшасын өсіруде аудан алдына жан салмауда. Аудан әкімінің айтуынша облыс көлемінде қант қызылшасын өсіру бағытында Сарқан ауданы алдыңғы аудандар қатарынан орын алып, ағымдағы жылы Ақсу қант зауытына 135 916 тонна қант қызылшасын өткізген. Аудан басшысы ащы термен тәтті түбірден мол өнім жинаған жандардың аттарын

# ЕҢБЕК ТҮБІ БЕРЕКЕ МЕН ЫРЫС

**Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні өңіріміздегі бірқатар шаруа қожалық басшылары, қызметкерлері, сала мамандары қажырлы еңбектері үшін марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.**

**«Құрмет» ордені – Қазақстан Республикасының мемлекеттік орденімен және бағалы сыйлығымен Черкасск ауылдық округі «Душкин» шаруа қожалығының басшысы Душкин Сергей Николаевич;**

**Алмалы ауылдық округі «СЗЦ Алмалы» ЖШС қожалығының мүшесі Блискельдинов Ерлан Төкенұлы;**

**Сарканирригация мекемесінің инженер гидротехнигі Ахметқалиев Сәмет Айтқалиұлы;**

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен және бағалы сыйлығымен Черкасск ауылдық округі «Душкин» шаруа қожалығының жұмысшысы Өмірсеріков Қуанышбек Чакенұлы;**

**«Ерен еңбегі үшін» медалімен Сарқан ауданының аумақтық инспекция басшысы Сатылғанов Қайырбек Мұхаметбекұлы**

**Қазақстан Республикасының Премьер Министрінің Алғыс хатымен және бағалы сыйлығымен Амангелді ауылдық округі «Дюсембекова Б» шаруа қожалығының басшысы Дюсембекова Бақтыбала Уалиқызы;**

**Қазақстан Республикасы «Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен» Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін және бағалы сыйлығымен Черкасск ауылдық округі «Кауспаев М.К.» шаруа қожалығының басшысы Кауспаев Мұрат Құманұлы;**

**Облыс әкімінің Құрмет грамотасы және бағалы сыйлығымен Амангелді ауылдық округі «Төлепбергенов С.» шаруа қожалығының басшысы Төлепбергенов Сарғазы Құдайбергенұлы;**

**Ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстан фермерлерінің қауымдастығының Құрмет грамотасымен және бағалы сыйлығымен Қойлық ауылдық округі «Полухин» шаруа қожалығының басшысы Полухин Евгений Юрьевич;**

**Қарабөгет ауылдық округі «Абылкасымов» шаруа қожалығының мүшесі Абылкасымов Бақытжан;**

**Алмалы ауылдық округі «Мухамади» шаруа қожалығының басшысы Мухамадиев Бектұрған Мухаметжанұлы марапатталады.**

**Қант қызылшасы бойынша көп өнім жинаған Үздік ауылдық округ ретінде Алмалы ауылдық округінің әкімі Берік Доланбаев Аудан әкімінің ауыспалы кубогіне ие болды**

**Сондай-ақ бірқатар сала мамандары, шаруа қожалық басшылары, жеке кәсіпкерлер мерекеге орай Сарқан ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды.**

айрықша атап өтті. - Қант қызылшасының өнімділігін арттыруға өз үлестерін қосқан: «Абылкасымов Б» шаруа қожалығы 1 094 центнерден өнім алып, Ақсу қант зауытына 27 618 тонна қант қызылшасын өткізсе, «Бекишев Е» шаруа қожалығы 968 центнерден, «Тулепбергенов С» шаруа қожалығы 779 центнерден, «Лыков» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 751 центнерден, «Алмалы» сервистік дайындау орталығы 725 центнерден өнім



шысы баяндамасында жеке тоқталды. - Ағымдағы жылы мақсатына сай пайдаланбай жатқан 15 000 гектар жер аудан қорына қайтарылып, жер конкурсымен 91 665,7 гектар ( 141,9 га суармалы жер, 468,7 тәлім жер, 90 961,7 га жайылым және 91 га шабындық, 3 га бау бақша) берілді, бұған қоса 2026 жылға 60 000 гектарға жерге орналастыру жобасы дайындалып жер конкурсы арқылы берілетін болады.

Сондай-ақ қазір – заманауи техника мен технология заманы. Осыған байланысты, жаңа да қуатты техникалар алуға күш салып жатырмыз.

Биылғы жылы аудан бойынша ауыл шаруашылық техникалары 2 млрд. 70 млн. теңгеге, 90 дана әр түрлі ауыл шаруашылық техникалары сатып алынды.

Бұл – өз кезегінде ауданның ауыл шаруашылығы саласында жасап жатқан жұмыстарын одан әрі жетілдіре түсуге жол ашады деген Ғалымжан Қанатұлы Президентіміз Жолдауында дамыған агроөнеркәсіп кешенін құру мәселесін көтерді. Онда ауыл шаруашылығы саласының еліміздің негізгі ресурсы бола тұра, барлық мүмкіндіктері мен әлеуеті толық пайдаланылмай тұрғанына назар аударады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді игеруді қолға алу, фермерлерге өз өнімдерін сыртқа шығарып өткізу үшін барынша қолдау көрсету, салаға инвесторлар тарту мәселелерін шешуді атап көрсеткен болатын. Біздің бүгінгі басты мақсатымыз – Президентіміздің Агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өнімдердің экспортын 2,5 (екі жарым) есеге арттыру туралы тапсырмасын орындау. Осы орайда, тапсырманы орындау мен жоспарланған шараларды іске асыруға ауданда барлық мүмкіндік бар,- деп баяндамасын қорытындылады.

Сөзінің соңында жиналғандарды құттықтай келе сіздер қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ауданның экономикасының дамуымен қатар, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының нығаюына да қомақты үлес қосып келесіздер.

Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтап, шын жүректен зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, береке мен бірлік және ел игілігі жолында жаңа табыстарға жете берулеріңізді тілеймін,- деп жылы лебізін білдірді. Бұдан соң аудан басшысы бірқатар сала мамандарын, жеке шаруа қожалық басшыларын марапаттады.

Мерекелік басқосу мәдениет үйінің қызметкерлері қойған концерттік бағдарламаға ұласты.

**Партия ЖЕҢІСХАН.**



## Танымдық сайыс өтті



Жуырда № 1 мектеп-гимназияда құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жастар арасында аудандық деңгейде «Хакатон» форматындағы танымдық сайыс өтті.

Жалпы саны 11 білім ордаларынан құралған команда құрамындағы қатысушылар құқықбұзушылықтың алдын алу, буллингпен күрес, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру тақырыптарында тың идеялар ұсынып, өз жобаларын қорғады. Сол сияқты іс-шара барысында қатысушылар өздерінің құқықтық білімдерін шыңдап,

заң талаптары мен азаматтық жауапкершілік туралы мағлұмат алды. Аталған сайыс жастардың заңға құрметпен қарауын арттырып, құқықтық сауаттылықты дамытуға бағытталды.

Жиын барысында оқушыларды қызықтыратын сұрақтарға жауап беріліп, жасөспірімдердің құқық бұзушылығы туралы толық түсінік берілді.

Оқушылар мен жастар арасында құқықтық ойлау қабілетін дамыту, қоғамдық тәртіп пен заңды сақтау мәдениетін насихаттау, жас таланттарды жаңа жобалар арқылы ынталандыруды басты мақсат тұтқан жарыс нәтижесінде I орынды Тасарық орта мектебінің "IQ girls" командасы алса, II орын Қазыбаев орта мектебінің - "School Help Team" командасына тиесілі болды. Ал үздік үштікті Жетісу орта мектебінің "Әділет" тобы түйіндеді. Жеңімпаз командалар бағалы сыйлықтар мен Алғыс хаттарға иеленіп, мерейлері үстем болды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

## Департамент 645 қызмет алушының құқықтарын қалпына келтірді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және халыққа көрсетілетін қызметтердің заңдылығын бақылау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

2025 жылдың басынан бері жүргізілген қашықтан бақылау мен жоспарлы тексерулердің нәтижесінде 645 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Анықталған заң бұзушылықтар негізінен мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің сақталмауына, артық құжат талап етуге, сондай-ақ қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуына қатысты болды. Әрбір дерек бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Атап айтқанда, жер учаскесін беру мәселесі бойынша қайта қаралып, жер учаскелері ауданы Ырғайты ауылдық округі әкімдігі жер комиссиясының шешіміне сүйене отырып негізсіз бас тартқан. Құжаттарда көрсетілгендей, аталған жер телімі басқа тұлғаға берілген деп көрсетілгенімен, Департаменттің жер мәселелері жөніндегі сарапшыны тарта отырып жүргізген жоспардан тыс тексерісі барысында шешім қабылданған уақытта учаскенің бос болғаны және оны өтініш иелеріне заңды түрде беруге болатыны анықталды.

Нәтижесінде, Департаменттің араласуымен өтініштер қайта қаралып, жер учаскелері қызмет алушыларға берілді. Заң бұзушылықтарға жол берген жауапты лауазымды тұлғалар тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аталған жағдай қабылданған шаралардың тиімділігін, сондай-ақ заңдылық пен әділеттілік қағидаттарына адалдықты айқын көрсетеді. Қызмет алушылардың құқықтарын қорғау, ашықтықты қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру — Департамент жұмысының басым бағыттары болып қала береді.

## Департамент восстановил права 645 услугополучателей

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу на системной основе проводит работу, направленную на повышение качества государственных услуг и контроль за законностью их оказания населению.

По итогам дистанционного мониторинга и плановых проверок, проведенных с начала 2025 года, были восстановлены нарушенные права 645 граждан. Выявленные нарушения в основном касались несоблюдения порядка оказания государственных услуг, истребования излишних документов, а также нарушения сроков предоставления услуг. По каждому факту в соответствии с действующим законодательством были приняты соответствующие меры.

В частности, по вопросам предоставления земельных участков двум услугополучателям было необоснованно отказано акиматом Ырғайтинского сельского округа Алакольского района на основании решения земельной комиссии. При этом в документах указывалось, что данный земельный участок был предоставлен другому лицу. Однако в ходе внеплановой проверки, проведенной Департаментом с привлечением эксперта по земельным вопросам, было установлено, что на момент принятия решения участок являлся свободным и имелась законная возможность предоставить его заявителю.

В результате вмешательства Департамента обращения были повторно рассмотрены, и земельные участки предоставлены услугополучателям. Ответственные должностные лица, допустившие нарушения законодательства, были привлечены к дисциплинарной и административной ответственности.

Указанный случай наглядно демонстрирует эффективность принятых мер, а также приверженность принципам законности и справедливости. Защита прав услугополучателей, обеспечение открытости и повышение качества государственных услуг остаются приоритетными направлениями деятельности Департамента.

К. МАНАП,

руководитель Департамента, Председатель Совета по этике.

## Таза Қазақстан – Таза Болашақ

Табиғат – адамзаттың алтын бесігі. Оның әрбір тасы, ағашы, өзені мен тауы – ұрпаққа аманат. Осы ұлы мақсатты жүзеге асыру үшін елімізде жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы — табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.



Осы акция аясында «Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ Сарқан филиалының қызметкерлері де белсенді түрде атсалысып келеді. Парк аумағында экологиялық



тазалық жұмыстары жүргізіліп, өзен-көлдердің жағалауы, туристік соқпақтар мен демалыс аймақтары қоқыстан тазартылды. Қызметкерлермен қатар мектеп оқушылары, жергілікті еріктілер мен тұрғындар да бұл игі іске өз үлестерін қосып, табиғатқа деген қамқорлықтың үлгісін көрсетті.

Акция аясында тек тазалық жұмыстары емес, сонымен қатар экологиялық ағарту, түсіндіру іс-шаралары, табиғат туралы дәрістер мен экскурсиялар ұйымдастырылды. Бұл жас ұрпақтың бойына табиғатты сүю мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау сезімін қалыптастырады.

Жоңғар Алатауы — флора мен фаунаың байлығы, бірегей экосистемі бар аймақ. Оның сұлулығы мен құндылығын сақтап қалу үшін әрбір азаматтың үлесі маңызды. «Таза Қазақстан» — тек бір реттік тазалық емес, бұл сананы өзгертуге бағытталған бастама.

Қорытындылай келе, «Жоңғар Алатауы МҰТП» ұжымы табиғатты қорғау ісінде белсенділік танытып, болашақ ұрпаққа таза, көрікті, бай мұра қалдыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Таза табиғат – жарқын болашақ кепілі!

Ш. ДОСАНАМАНОВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ

Сарқан филиалы Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

## 70 казахстанцев в 2025 году прошли лечение за рубежом за счет государства

Еще 7 человек были пролечены в отечественных клиниках с привлечением специалистов из других стран. О порядке получения такого рода медицинской помощи рассказала Светлана Пономарева, заместитель председателя правления Фонда социального медицинского страхования.

Не все знают, что существует программа по направлению граждан Казахстана на лечение за рубеж и привлечению зарубежных врачей для проведения лечения в казахстанских медицинских организациях. Финансируется такое лечение за счет средств ГОБМП. Рабочим органом является Фонд социального медицинского страхования, который формирует пакет документов соответствующих пациентов, рассылает в зарубежные клиники, предлагает предложения по программам лечения, после чего подает на рассмотрение комиссии при Министерстве здравоохранения для принятия решения. Порядок направления пациентов на такое лечение регламентируется одноименными Правилами, утвержденными приказом МЗ РК №45.

Кто может претендовать на такое лечение?

Как отметила Светлана Пономарева, детей до 18 лет могут направить при наличии показаний на высокотехнологичную медицинскую помощь (ВТМП), если такой вид лечения не оказывается в Казахстане.

Взрослые же могут быть направлены в зарубежные клиники при определенных заболеваниях, перечень которых утвержден вышеуказанным приказом Министерства здравоохранения.

Есть еще третья категория пациентов — это сотрудники правоохранительных органов, служащие Вооруженных сил РК, получившие тяжелые травмы и увечья при исполнении обязанностей. Их направляют на лечение за рубеж в исключительных случаях по поручению Президента РК, Премьер-Министра РК при наличии показаний на ВТМП, которая не проводится в нашей стране.

Промежуточные итоги 2025 года

По состоянию на 1 декабря текущего года, по программе за счет бюджетных средств были пролечено 77 пациентов,

из которых 70 — в зарубежных клиниках, 7 пациентов — в казахстанских медорганизациях в рамках мастер-класса с привлечением зарубежного специалиста.

«Общая стоимость их лечения составила более 1 млрд тенге. В среднем один случай обходится в 13 млн тенге. Но все зависит от тяжести заболевания и продолжительности лечения. К примеру, расходы государства на одного пациента с болезнью мочевого пузыря — 32 млн тенге, неврологией — почти 17 млн тенге. Для семьи это были бы непосильные затраты. Поэтому данная программа, финансируемая за счет средств гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, является для наших граждан важной поддержкой», — рассказала представитель Фонда.

В целом за указанный период больше всего было пациентов с врожденными пороками (32 человека), онкологией (26).

Если говорить о применяемых технологиях лечения, то в 24 случаях проведены операции при врожденных аномалиях сосудов, в 9 случаях — протонная терапия для лечения онкологических заболеваний, в 7 случаях — терапия радиоактивным йодом для лечения онкологии, по 6 случаев — трансплантация печени и кардиохирургические операции, а также другие технологии.

Чаще всего в 2025 году для лечения пациентов выбирали клиники Германии (24 случая), Турции (17 случаев) и Индии (13 случаев). Также они направлялись в РФ, Беларусь и Испанию.

Как отметила представитель ФСМС, документы пациентов, претендующих на лечение за рубежом, готовят и подают для рассмотрения на республиканский уровень региональные управления здравоохранения. Поэтому пациентам, которые подходят под критерии программы, следует обращаться именно туда. К слову, тем, кто выехал на лечение за рубеж по своей инициативе (а не по решению республиканской комиссии), государство не сможет оплатить расходы.

Филиал по области Жетісу  
НАО «Фонд социального  
медицинского страхования».

**Нұрғали Көпесбаев***(Жалғасы. Басы өткен нөмірлерде).*

Біз сонымен аудан орталығындағы әскери комиссариатқа келсек көп адам жиналыпты. Әскер қатарына алынғандар мен шығарып салғандар қарасы аз емес. Біздерді сапқа тұрғызып, санап алып, құжаттарымызды жөндеп болып әр арбаға 15 адамның азық салған қаптары тиелетін болды. Өзіміз жаяу жүретін болдық.

Ол кезде біздерді арақ-шарап ішіп, ойын-сауық құрып шығарып салмайды. Неге десеңіз біздер өлім мен өмір күресіне аттанып барамыз. Барар жеріміз Молалы станциясы екен. Біздің ауылмен екі арасы 160 километр шамасында. Жаяулатып кетіп барамыз. Осы Отанымыздың шығыс түкпірінен сонау Германияның Берлиніне дейін ажалмен арпалыса жүріп жаяу барамыз деген кімнің ойында бар. Адам баласы жаяу жүре берсе егер екі ортада бейбіт жол болса айға да жететін сияқты ғой.

Шығарып салушыларымыздың басым көпшілігі үлкендер, әке-шешелеріміз. Ол кезде біздің меншіктеп сүйген қызымыз жоқ десе де болады. Жақсы көретін бірге оқыған қыздарымыз болғанымен сүйіспеншілік жағына аса көп мән бермеген кезіміз еді. Олармен билеп, ойнап, емін-еркін құшақтасып сүйіскен емес едік. Солармен ойнауға үлкендерден ұялушы едік. Сондықтан бізді шығарып салуға келген қыздар болған жоқ. Біз кеткенде шешелеріміз жаңа босанғандай орындарынан тұра алмай қалды. Жалындаған жас өмірдің алдында не күтіп тұрғанын кім білсін?! Батыстан көрінген қара бұлтқа қарама-қарсы жол тарттық.

Араға 3-4 қонып, Молалы станциясына келдік. Біздің ауданның жастарының 90 пайызы бұрын темір жол мен пойызды естігені болмаса көрген емес. Таңқалып сипалап көреді, үстіне шығады, астынан өтеді, составтың бас-аяғын шыр айналып көріп шығады. Қалталарындағы бақыр ақшаларын рельстің үстіне қойып, пойыз өтіп кеткеннен кейін жұп-жұқа қылып созып кеткенін көріп таң қалады. Өстіп жүргенде жаңа алынғандарды жинады, келе жатқан бір пойыздың составына бізді тиеді де Үштөбе станциясына келіп түсірді. Сөйтсек мұнда жалғыз біз емес, көптеген облыстардан жиналған балалар бар екен. Бас-аяғы жиналғанша осы арада күтуге тура келді.

Біз алғаш рет осы арада өзіміз естімеген, көрмеген бірнеше ұлттардың балаларымен кездестік. Орыстардан басқа корейлер, өзбектер, қырғыздар мен қарақалпақтар сынды ұлттардың балалары бар екен. Барлығымыздың тағдырымыз бір болғаннан кейін бір-бірімізді жатырқаған жоқпыз. Тез тіл табыстық, достастық, себебі барар жер, басар тауымыз - қан майдан. Барлығымыздың мақсатымыз біреу ғана - тезірек алғы шепке жетіп, жауды жою.

Он-он бес күннен кейін тұмсығы Сібір жаққа қарап тұрған пойыздың жұк таситын вагондарына орналастарды. Бір жұмадай жүріп Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласына келіп түсірді. Күн жауын, жер батпақ, жол қиыншылығына қарамастан 7 километр жүріп Есіл өзенінің жағасындағы Барка деп аталатын жердегі №37 атқыштар полкіне келіп қосылдық. Бір жұмадай изоляторда болдық. Менің үйден алып шыққан қуырдақ, жент, кептірген құрттарым бұзылмастан табан бір айға жетті. Балалардың барлығы үйден алып шыққан азықтарын ортаға қояды, байқаймыз әскерлерді тамақтандыру жағы онша емес сияқты. Үйден шыққанда әке-шешем пөле-жаладан сақтап жүреді деп мойныма тұмар тағып берген. Оған қоса 500 сомдай ақша тігіп берген. Жаяу жүріп шаршап барған біз қатты ұйықтап қалыппыз. Ояңсам тұмар да, ақша да жоқ болып шықты. Бұрынғы келгендер алып қойса керек. Үйде қалай болса солай тайрандап жүрген басым енді байқа деп өзіме-өзім қайрат бердім. "Сен нағашыңның үйіне келген жоқсың ғой" деп қоямын.

Молбас Қашағанов деген жолдасым

екеуіміз Барканы аралап жүріп, қазақ сержанттарына кездесіп, амандастық. Жағдайымызды айтып қай бөлімге сұранғанымыз жөн болар екен деп сұрадық. Егер орысша білсеңдер кіші командирлер дайындайтын полк курсына жазылыңдар деп олар екеуімізге арыз жазып берді. Арызды полковникке алып бардық. Қашағанов орысшаны менен де жақсы сөйлейтін. Егде тартқан, бір аяғын сылтып басатын, көпті көрген

полк командирі "Балаларым, қандай жағдаймен келдіңдер?" деді. Біз үн-түнсіз арызымызды ұсындық. Оқып болған соң жымиып, "Командир болғыларың келеді екен ғой" деді. Молбас біз алдымен оқып, соғыс тәртібін білгіміз келеді деп жауап берді. Газет тақырыптарын орысша оқытып алды да сендерді оқуға қабылдаймыз деп ризашылық білдірді. Осылайша бірінші оқу батальонына барып қағазымызды тапсырып қабылдандық.

Алдымен моншаға апарып, жуындырып курсант деген белгісі бар әскери киім берді. Менің жерлестерім Геннадий Загуменный, Петр Пукалов, Михайл Шишов, Василий Бирюков, Василий Курочкин осы курста бар болып шықты. Генка Загуменныймен бірге қатар жататын болдық. Әскери өмір басталды. Баяғы өзімізді қабылдаған полковник Марков азамат соғысына қатысқан ардақты адам екен.

Таңертен сағат 6-да тұрамыз, жұмасына екі рет тревога болып тұрады. Бұл уақыттарда бүкіл полк болып ученияға шығамыз. Біздің оқу батальоны ылғи да алда. Кіші командирлер шынықсын деп жаттығу қатаң өтеді. Әскери уставты бес саусағымыздай меңгеріп алуымыз керек. Пулемет, автомат, ПТР, қол пулеметін үйренумен бірге саппен жүйелі жүріп-тұруға дағдыландық.

Менің замандастарымның маңдайына жазылған бұл соғыс бүкіл елімізге қара түнек екелгені анық. Кең дүниені болжап, алаңсыз алға құлаш сермейтін шағымызда фашизм біздің асыл арманымыздың шырқын бұзды. Кейінгі ұрпақ аға буынның өткен жолын біліп жүрсін деген оймен сол кезең қиындығына көбірек назар аудардым.

Ауылдан алғаш барғанымыз бар, үйренбегеніміз болар әйтеуір тамақ жағы нашарлау болды. Кезекті наряд бойынша полк асханасына кезекшілікке барғанда бір тойып қаламыз. Басқа уақыттарда ортақұрсақ болып жүреміз. Біздің бөлімше командиріміз жасы 30-ға келіп қалған салмақты, сабырлы адам. Бізді қабылдап алғанда әскери тәртіпті тәптіштеп түсіндірді. Жағамыздың кір болмай жүруін, оны қалай тігіп, қалай сөгуді, түйме қадауды, ақыр-аяғы шұлғауымды орап, аяғыңды қалай қайта шешуді түсіндірді. Неше минутта шешініп, неше минутта киінуді жалықпай үйретті. Өмірі қолымызға ине ұстап көрмеген бізге қиын тигені өзінен-өзі белгілі. Сонымен жұлдызды пилоткамыздың ішкі қайырмасына ине-жіп қоса бекітілді. Қонышымыздан қасық, белдіктен тегеш, қолымыздан мылтық түспейді. Бұлар солдат өміріндегі ажырамайтын негізгі қажеттілік болып табылады.

Біздің ротадағы оншақты баланың бір кемшілігі бар. Олардың біреуі менмін. Сапта жүріп орысша өлең айта алмаймыз. Өлеңнің өзін де білмейміз. Әйтеуір аузымызды жыбырлатып, ерген боламыз. Сол үшін талай рет наряд алдық. Жаңбырлы бір күні жер батпақ еді. Біздің ротаның взвод командирі саппен оқу алаңына әкеле жатқан, полк аумағының қақпасына шыға бергенімізде "Запевай" деген команда берілді. Солдаттар өлеңді бастап кетті, біз болсақ аузымызды жыбырлатып келеміз. Бір уақытта "Рота стой" деген командамен аузы жыбырлап келе жатқан қазақ, қырғыз, өзбек балаларының бір

тобын саптан шығарып алды. Бізді жеке сапқа тұрғызып, өлең айтуға бұйрық берді. Мандытып айта алмадық. Бәріміздің арқамызға станокты пулеметтың станогын кигізді де "ложись" деп бұйырды. Онымен қоймай "по пластунский вперед" деген бұйрық берілді. Біз батпақпен жер бауырлап жылжып бердік, тез-тез дейді, мен сендерге көрсетемін деп кіжіңдейді. Жылжи-жылжи шаршадық.

Мен мұндай сұмдықты көрмегенмін.



# Өмір өткелдері

Онан да соғысқа барып өлгенім жақсы деп станокты лақтырып жібердім де полкқа қарай тұра қаштым. "Тоқта, тоқта" дегеніне қарамай үкідей ұшып жөнелдім. Аяғым серіппедей, секіріп қашамын, сол қашқан қалпыммен полктың штабына жетіп, есіктегі күзетшіден полковникке кіргізуді өтіндім. Ол ар жағындағы бір офицерге айтып еді, менің түрімді көріп полковниктің кабинетіне кіргізіп жіберді. Бұл таңертеңгі 9-10 мөлшері болар. Кіріп келдім де баяндауға шама жоқ, біреуден таяқ жеп, әкеме келіп шағымданғандай жылап қоя бердім. Ол жөніңді айт деген сайын қай-қайдағы есіме түсіп жыладым-ай келіп.

"Енді жетер, бала! Солдат жыламас болар. Сен мұнда жылау үшін келген жоқсың, Отан қорғауға келдің" деп дауысын көтеріп зекігенде барып бойымды жиып, көз жасымды тиып, қайраттанып орнымнан тұрдым да болған оқиғаны баяндап бердім. "Жасың қаншада?" деп сұрады ол. "17-демін" деймін мен. "Әлі көресін көп, балам, казармаңа бар, бүгін демал, сөйлесеміз" деді де қоя берді.

Казармаға келіп, жуынып-шайынып төсегіме жатып алып ой құрсауында қалдым. Полковникке бұрын мұндай әскерде, сапта жүріп орыс өлеңі тұрғай қазақша өлең айтып көрмегенімді, бізге алдымен саптағы өлеңді жаттау үшін уақыт беруі керектігін айтқанмын. Осы істеген ісімнің дұрыс-бұрыстығын білмеймін. Көп болса ертең айып батальонымен соғысқа жіберер деп ойладым. Өз қылығымды өзім ақтап алып жатырмын. Мен өлең айту үшін келгенім жоқ, фашистермен соғысуға келдім деймін. Көздеп атуды жас күнімде әкемнен үйренгендіктен жақсы білемін. Мүмкін сол жақта Жалғас бауырым кездесіп қалып, бірге соғысармыз деген сияқты әр нені ойлай-ойлай ұйықтап қалыппын.

Балалар кешке келгенде мені көріп қуанып қалды. "Сені жоғалдыға санап жүрсек, бар екенсің ғой" деп жатыр. Кешкі тамақты ішкен соң кешкі түгендеу мақсатында бәрімізді сапқа тұрғызды. Кешкі санақ рәсімі біткен соң "орысша өлең білмейтіндер 3 адым алға" деген бұйрық берілді. Бағанағы оншақтымыз алға шықтық. Рота командирі біздің қолымызға бір-бір дәптер ұстатты да "мынаның ішіндегі сапта жүріп айтатын солдат өлеңдерін 15 күннің ішінде жаттап алыңдар" деді. Қуанғанымыздан "құп болады, жолдас командир" деп жатырмыз. Жолдастарым маған алғыс айтса, мен ішімнен полковникке ризашылығымды білдіріп, сол кісінің аман-сау болуын тіледім.

Жатпай-тұрмай әлгі өлеңдерді жаттап алдық. Келе-келе топ басында өлеңді өзіміз бастайтын болдық. Бағамдап қарасақ әлгі біздің ұлттық намысымызға тиген кіші офицерді де ауыстырыпты. Әскери уставты жақсы түсіне бастадық. Қару-жарақтың қыры мен сырын, сапта жүрудің бүге-шігесін үйреніп алдық. Кейде шаршап жүріп қатты ұйықтап қалғанда тревога болса сасқалақтап қалып, әлгі шұлғауы құрғырды орай алмай қалтамызға тыға салып жүгіріп кеткен күндеріміз де болды.

Армия қатарындағы жетістігімізбен бірге жіберген қателігімізді айтпай кетуге болмайды. Соғыс кезінде кейбір талапты

майданға барып бірақ үйренесің. Бірде мылтығымның ұңғысының ішінде көзге көрінер-көрінбес дақ қалғаны үшін түскі демалыстан қалдым. Бес солдат күрегінің тотын тазалауға наряд алдым. Содан кейін мылтығымның іші күнге шағылысып жалтырап тұратын болды.

Бірде қыстың сақылдаған аязында водокачкада күзетте тұрғанымда көрші картоп тазалайтын қойманың сақшысы Курочник екеуіміз тағы да қателік жібердік. Аязды қыс, қарнымыз аш, қоймадан картоп алып, водокачканың ішінде күндіз-түні жанып тұратын отқа пісіріп жедік. Әрине, бұл жерде жау жоқ, бірақ тәртіп бар. Біз күзетте тұрмыз, водокачканың ішіне, қойманың ішіне кіруге тіпті қақымыз жоқ. Егер жаумен шайқасып жатқанымызда осылай тапсырманы бұзсақ онда не бола-рын бір құдайдың өзі білсін.

Бұл қателігімді сержант біліп қойыпты. Қарауыл бастығына айтыпты. Шақыртумен бастықтың кабинетіне бардым. Қосымша нарядқа шығуға жаза алдым. Отын жардым, су тасыдым, бүкіл барақтың еденін жудым, шаруашылық саймандарын тазарттым, қысқасы жеген картобым желкемнен шықты. Осы мектепті бітіріп соғысқа барып-қайтқанша мұндай ескерту алып көрмеппін.

Курстан соң кіші сержант Көпесбаев болып майданға аттандым. Жолшыбай Ақмола қаласына аялдап, 39-полк құрамы толықтырылды. Мен осы жерде Атбасар ауылының азаматы Қаби Тұяқбаев деген азаматпен танысып, жолдас болдым. Қаби мандолинін ала жүріпті. Ол бұл аспапта жақсы ойнайды екен.

Біздер қайтадан Көкшетаудың үстін басып жүретін болдық. Қаби Атбасардағы әке-шешесіне соғысқа кетіп барамыз деп телеграмма жіберді. Келесі күні Атбасар станциясында Қабидың әке-шешесі қарсы алды. Екеуіміз де жүгіріп барып құшақтасып, сәлем бердік. Ақсақал шыдамды кісі екен, "Балаларым, бір-біріңнен көз жазып қалмандар, жауды жеңіп қайтыңдар, бабаларыңның әруағы қолдасын!" деп ақ батасын берді.

Батысқа жақындаған сайын табиғаттың барлық көрінісі бізге суық, реңсіз көрінді. Пойыз күндіз тышқан аңдыған мысық құсап паровоз түтінін көрсетпегуге тырысып, ақырын-ақырын жылжиды. Ал түнде ешқандай жарық көрсетпей күн қараңғылығына сіңіп келеді. Вагондағы сапарластарымыздың бірі Москваға қарай бара жатырмыз десе келесісі Ленинградқа немесе Прибалтикаға барамыз деп білгішсінеді. Не десеңіз де Еуропаның сол кездегі сұрықсыз даласын көріп келеміз. Чкалов, Свердловск, Молотовск деген қалалардың үстін басып өттік. Бір орманды алқапта бәрімізді пойыздан түсірді. Түгендеп болған соң үлкен шенді командир жағдайды түсіндірді. Алдымызда 5-10 километр жерде кескілескен соғыс жүріп жатыр. Дәл осы жерді самолетпен бомбалайды. Бәрің бір жерде топтасып жатпаңдар, әр жерге 2-3-тен орналасыңдар, әйтпесе бір бомбаның өзі бәрінді бостан-босқа жоқ қылады деді.

Таңертен ерте бізді жинап сапқа тұрғызды. Санақ жүріп біткен соң алғы шепке апару үшін 15 күндей дайындық жасайтын көрінеміз. "Кімде кім соғыс жүріп жатқан алғы шепке барамын десе

алға шығындар", - деді командир. Біз Қаби екеуіміз бір-бірімізге қарап түсіністік те, ең бірінші болып алдыға шықтық. 15 күн жан сақтағанша тезірек жаумен шайқасуға ұмтылды. Бізден соң әр жерден шығып, бас-аяғы 53 адамның басы құралды. Тізімге алып, бір офицер сапқа тұрғызып алдыға ала жөнелді.

Біз кетіп барамыз, алдымызда ажал, артымызда зар жылаған қалың ел, қан сасыған дала мынау. Біз жүріп келеміз, айналамыздағы фашистердің өлігі, түтін иісі, сасыған адам иісі, қан иісі айқын сезіле бастады. Денеміз түршігіп кетті. Біз сәл ағаттық жіберсек анау жатқан сасық өлекседей болатынымызды анық түсіндік. Біз жаяу әскерміз, біздің орнымыз ең алдыңғы шепте, жаумен бетпе-бет, қолма-қол шайқасқа түсеміз.

Жолда шашылып жатқан жау листовкаларын көрдік. Онда "Соғысты тез бітіру үшін қарсылықты тоқтатындар, Германия сендерге барлық бақытты орнатады" деп жазылған. Біз жолшыбай 4 қазақ сержанты достасып алғанбыз. Мамандығымыз пулемет атқышы. Біздерді бір расчетқа жіберсе деген ұсыныс айттық командирімізге. Ол "сендер сержантсындар, бір-бір бөлімшені басқарасындар" деп жауап берді. Дегенмен соғысып көрмегенімізді ескеріп пулемет расчетына бізді біріктіру туралы ұсынысымызды қабыл алған офицерлер Иванов деген солдатты командир сайлап, лейтенант Баландиннің ротасына жіберді.

"Мына соғыс тәсілін байқап көру үшін әзірге біз саған бағынамыз" деп солдат Ивановқа жағдайымызды түсіндірдік.

Қараңғы түсе алғы шепке жүріп кеттік. Бағанағы күндізгідей емес қыпқызыл оқ қайшы алысып, әуедегі жұлдыздар жерге түсіп, араның ұясындай айқасып жатқан сияқты. Сырттан қарасаң арыдан бері қарай, беріден ары қарай атылып жатқан оқ мөлшерінен немістер қай жерде, біздікі қай жерде жатқаны беп-белгілі. Нағашым айтқан соғыс құдайы Ғазырет Ғалиға сыйынып, қызыл шоқтың ішіне қойдық та кеттік.

Алдымызда өртенген танк тұр екен. Иванов осы жерге тоқтап дем алайық деді. Бұл танк алғы шептен оқ алуға, тамақ алуға келгенде орта жолдағы бағдарымыз болып шықты. Тағы біраз жүгіріп, бір қазылған арыққа топ ете түстік. Сөйтсек шала-шарпы қазылған біздің солдаттардың окопы екен. Алғашқы ысылдаған қызыл шоқтардан аман өтіп, арықтың ішінде жатырмыз. Жарқылдаған оқтар, ана жерден, мына жерден жалаң-жұлаң етіп өте шығады. Бір кезде еңбектеп жүрген екеу келіп қасымызға жата кетті. Біреуі мана біздің қасымыздан кеткен Иванов, екіншісі рота командирі лейтенант Баландин екен. "Бастарыңды көтермеңдер, таңертен сендерге тапсырма беремін" деп командир жүгіріп кетіп қалды.

Елең-алаңда Баландин келді. "Міне, қараңдар", - деді ол. "Анау тұрған қалыңдау талы бар төмпешік бірінші ориентир, екіншісі маңдай алдарында. Біріншісінде автоматшылар мен мергендер, ал мына қарсы алдарында ДЗОТ, пулеметшілер мен автоматшылар, үшінші ориентир дәу қарағайдың түбі. Ол жерде қол пулеметшілер мен автоматшылар бар. Біздің міндетіміз біз жақтан шабуылға көшсек осы аралықты бас көтертпей ұстандар. Біз қазір уақытша қорғаныстамыз. Мынау сендердің станокты пулеметтерің".

Біз кемінде бір шақырымдай жерді пулемет оғымен қамтамасыз етуіміз керек. Иванов әлдеқайдан әрқайсымызға бір-

бірден автомат әкеліп берді. Қалған запастарын өлгендерден алуымыз керек.

Бір кіші лейтенант келіп біздің взводтың командирімін деп таныстырды. Оның да жаңадан келгені көрініп тұр. Жау окобымен арамыз - 300-400 метрдей жер. Күнделікті соғыс жағдайына тез бейімделіп, бой үйренді. Менің қарсы алдымдағы Дзоттың түбінен күнде кешке жақын апақ-сапақта екі-үш офицер біз жақты бинокльмен бақылайды да тұрады. Мен мерген екенімді айттым. Солардың бірін кезекті бір бақылауымда карабиннің жылтырауық оғымен атып түсірдім. Оны мен мақтанып ешкімге айтқаным жоқ. Өзімнің бөлімшемдегі жігіттер ғана біледі. Нағыз үлкен бір бастығы болуы керек, таңертең ерте біздің қарсымыздағы окоптан немістер шуылдатып жатты. Дәл солай бір жаңбыр жауып тұрған кезде бірінші ориентирден тағы бір офицерді оққа ұшырдым. Соғыста мұндай жағдайлар бола береді. Кейбір көрсеткіштерің елеусіз-ескерусіз қала береді. Өйткені біз соғысқа ерлігіміз бен серілігімізді көрсету үшін емес, жаудан кек алу үшін өлтіру үшін бардық қой. Бұл біздің жауынгерлік міндетіміз.



Бір күні оқ дегенің екі жақтан да қарша борады. Олардікі де, біздікі де минометпен төмпештеп жатыр. Взвод командирі телефонмен сөйлесіп болып, түстен кейін жау окобын басып алу үшін шабуылға шығатынымызды хабарлады. Айтқандай түстен кейінгі сағат төрт мөлшерінде немістер жақ у-шу болды. Олардың окобының астаң-кестеңі шықты. Аспанға ұшып, қайта түсіп жатқан қараңдаған сұлбаларды көреміз. Артыма қарасам орман арасынан әр жерден сызылған түтін көрінеді. "Алға" деген команда берілді. Біздер станокты пулеметпен, автоматпен өзімізге белгілі нысананы төмпештеп, жаудың басын көтеруіне мұрсат бермедік. Біздің солдаттар уралап немістердің окобына жақындаған кезде біз де пулеметімізді жетелеп алға ұмтылды. Немістер окобын тастай қашты, біз фашистердің орнына жайғасып, көзге көрінбей кеткенше жаудың бірталайын жер жастандырдық.

Бағана немістер шулағанда "Кат-Кат" деп айғайлаған болатын. Онысы біздің арт жағымыздан Катюша атылғандағы түтінді бізден бұрын көріп қорыққан екен. Ең алғашқы жаумен бетпе-бет соғысымыз осылайша аяқталды.

Жауды көрдік, олар да біз сияқты екі аяқты адам екен. Демек өз істегендерің өздеріңе істеп, есе қайтарып көздеріңе көк шыбын үймелетуге болатын көрінеді. Сол күні күні бойы тамақ ішпегенімізді де ұмытып кетіппіз. Жеңістің рухымен қарнымыз ашқан жоқ сияқты.

Пулемет ленталарын оқпен қайта толтырып, жөндеп қойдық. Мен жаудан

қалған бес-алты автомат магазиндерін жинап әкелдім. Қайтадан бәрін жөндеп, оқтап далалық қапшығымды сықап толтырып қойдым.

Біздер шабуылдаушы жақпыз, қылт еткенін қалт жібермей оққа ұшырып отырамыз. Олар да бізді аяп жатқан жоқ. Адамды адам екен деп санамайды. Бомбалап өлтіреді, атқылап өлтіреді, бұл соғыс заңы. Соғыста адам екі көзі қанталап, қойға шапқан қасқырдан да жаман болып кетеді екен. Алпыс екі айла-лы түлкіден де, тышқан алған мысықтан да артып түспесең жау нысанасына айналасың.

Мен бір расчеттың бөлімше командирі болдым. Біздің взводтағы отыз алты жігіттің арасында жалғыз қазақпын. Бірақ ұлтымды айтып, кемсіткен адам жоқ. Взвод командирі елгезектігімді ескеріп, көбірек тапсырма береді. "Қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды" деген мақалды ескермейді. Жау оғы кімге тисе, сол жайрайды. Дегенмен "Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі" деймін де тапсырмадан жалтарып көрген жоқпын. Ердің ісі тәуекелсіз бітпейді.

Біз Старая Русь маңында соғысып

шыққан жерді болжап гүрсілдете береді. Мұндайда снаряд танкке тимей жан-жағындағы қаптап келе жатқан жаяу әскеріміздің сорын қайнатады. Сондықтан орман ішіндегі танктерден іргемізді аулақ сала жүруге тырысамыз.

Малмаңдай су болған жігіттердің көбісі бос үйдің ішіне кіріп орналасты. Біздің бөлімше үйден қашықтау алаңқайдан жеке-жеке жерошақтай окоп қазып алды. Қатты ұйықтап кетіппіз, таң сібірлеп атып келеді. Жатқан жеріміздің шұңқыры суға толып кетіпті. Шығайық десек денемізді суық қариды. Су жып-жылы. Өз денеміздің жылуымен су да жылып кетіпті. Станокты пулеметтің бірінші нөмірі Иванов "Ой сержант, мына немістермен көрші қоныппыз", - деді шошына. Біз жалмажан орнымыздан тұрсақ әр жерден олар да бас көтеріп жатыр екен. Бізді көре сала тұра қашты. Жатқан жеріміз қара бидайдың алқабы болып шықты. Оқ астынан алып тұра қудық. Бірнешеуі оққа ұшты. Олардың алдыңғы жағынан тағы да автоматтың дауысы естілді. Фашистер қоршауға түстік деп ойласа керек, қолдарын көтеріп бізге берілді. Санасақ он жеті адам екен. Түнімен суға малшынып, тоңғанымыздың ізі де жоқ. Олардан

да, біздің де арқамыздан бу бұрқырап тұр. Взвод командирі келді. Тұтқындарды ортаға алдық. Сұрастыра келсек, өз бөлімдерінен ада-сып қалғандар екен.

Тыныс алар сәтіміз болғандықтан тұтқындармен күресіп көруге ұсыныс жасадым. Олардың арасында орысша түсінетін біреуі бар екен. Бір жігіт жекпе-жекке шығуға келісім берді. Немісті оқпен сұлатқаным болмаса алып-соғып кеудесіне міне алмай зығырым қайнап жүрген мен ұстаса кеттім де қолтығының астына кіріп жамбасыма қондыра қойдым. Қырқа шалып, жерге бұрқ еткіздім де қазақша басынан аттап күш алып жүріп кеттім.

Біздерді ұшқыш, матрос, танкистер жаяу әскерсіңдер деп кемітеді. Ал сол жаяу әскерсіз бірде-бірінің күні жоқ.

Соғыстың ащы-тұщысын көбірек көретін жаяу әскер. Күндіз-түні жаумен қоян-қолтықша айқасатын жаяу әскер. Жау тылына барып тіл әкелетін жаяу әскер. Барлық қарулы күштердің жер үстіндегі тірегі жаяу әскер десек артық айтылмаған болар еді. Мен өз басым қаруластарым сияқты жаяу солдат болғанымды мақтан етемін.

Жау жеңілуде, шегінуде. Сонда да олар кетіп бара жатқан жерлерін тонап, өртеп қан сасытады. Бейбіт елдің байлығын тонап, жұмысқа жарайтындарын айдап кетіп барады. Біздің міндетіміз осының бәріне жаудың мұршасын келтірмей жою.

Кезекті бір кескілескен шайқаста мен далалық госпитальға түсіп қалдым. Снарядтың дүмпуінен контузия алдым. Оң аяғымның шат етін кесіп кетіпті, жаралы болу осы екен деп ойлады. Бір-ер ай мөлшерінде жазылып шықтым да өз полкіме жолдама алдым. Жолшыбай алғы шепке кетіп бара жатқан саптың ішінен көптеген ұлт өкілдерін көруге болатын еді.

Полкымды түн ортасында қалың орман ішінен тауып алдым. Соғысқа кірген сайын арамыз сиреп қалатыны белгілі. Өз ротама, өз взводыма қосылдым.

Біздің 103-гвардиялық полк Псков-Остров бағытындағы жазықтау келген орманды жерге келіп окоп қазып, бекінді. Әдеттегідей күні-бұрын мұқият дайындалған қарсыластарымыз бізді алға жылжитпай қойды. Олардың окопы орналасқан жер биік жота, сырт жағы қалың қарағайлы орман болса, біздің жатқан жеріміз сазды жер.

(Жалғасы бар).

## Дос қарызы

Жас кезімде мектепте, институтта бірге оқыған, бірге қызмет жасап жүрген жігіттер үйге келгенде әкей марқұм: «Менің баламмен қандай қарым-қатынастасың?» деп сұрайтын. Жауап белгілі ғой, «Доспыз» дейді. Әкей қайыра «Қандай доссың?» деп анықтайды. Біреуі қызметтес доспын, біреуісі бірге оқыдық деп, ал қызбалау біреулері «Жан досымын» деп соғып жібереді. Әкей басын шайқап «Дос деген сөздің парқын білесің бе, шын доспын деген адам Әзірейіл келіп досың үшін жаныңды бересің бе деп сұрағанда еш қиналмастан жанын қиюға даяр адамды дос деп айтуға болады. Дос деген қасиетті сөздің қадірін түсіріп қайтесіңдер, дос болу оңай емес, оның парызына ана-мынау адам шыдай алмайды, одан да жолдаспыз немесе қызметтес едік десеңдерші» дейтуғын.

Ел кеткен соң әкеме «Ата, бір сөзге жабысып алып неге келген адамдарға тиісе бересің, ұят емес пе, доспын дегенде тұрған не бар» деп өкпе айтсам, «Пәлі балам, жоғарғы оқу бітірсең де сөздің парқын ажырата алмайсың, Сен одан да мына әңгімені жадыға сақтап ал, мүмкін содан кейін шын достың қандай болатыны туралы ойланарсың» деп өткен ғасырдан біраз сыр ақтарған еді.

Әкемнің әкесі Қасым атам ауқатты болумен қатар Құран ұстаған молда, жауырын ұстаған емші һәм ел арасында аманатқа беріктігіне орай «Адал Қасым» атанған кісі екен. Біздің Матай Елі Аталық, Қаптағай және Кенже деп үш тапқа бөлінеді. Біз соның Кенжесінің ішіндегі Тақет деген руданбыз. Қасым атам Аталық ішіндегі Шоқпар руының атақты байы Исабек деген кісімен Құран ұстап «Ақиреттік дос боламыз» деп серттесіпті. Қыстаулары бір-бірінен шалғай бөлек болғанымен, жазда Күнгей Алатауының Бессала, Амантекше, Аманбөктер деген жайлауларында қоңсы болған көрінеді.

Бір жылы Балқаш көлінің жағалауындағы Қызылжиде деген қыстаудағы Қасым атама Басқан өзенінің бойындағы Құмжарғанды қыстап отырған Исабек досынан «Тез жетсін» деген хабаршы келеді. Арасы екі жүз шақырым жерге қыстың күні атпен жету де оңай емес. Шақыртудың тегін емес екенін сезген Қасекең дереу жиналып, атқосшысын алып хабаршыға ілесе досының ауылына келеді.

Келсе досы төсек тартып жатыр екен. Қырыққа енді аяқ артқан досы айықпас ауыр дертке ұшырапты. Жолаушылар бір күн демалған соң, ертесіне Исабек досы жақын-жуық ағайындарын тегіс жинап өзінің алдағы көктемнен қалмай бақилық болатынын айтып, өзінен кейін қалатын мыңғырған мал мен төрт әйелінің тағдырын аманаттайды.

Бала тумаған үш әйелін мал-мүліктерімен өзінен кейін әмеңгер болатын інілеріне табыстап, өзін жөнелтуге, асы мен зиратының шығынына кететін мал мен дүниеге осы үшеуінен «ие боламыз» деген антын алады.

Содан Қасым атама бұрылып: «Екеуміз Құран ұстап қияметтік дос боламыз деп серттескен едік, достық қарызымды беруге дайынсың ба?» деп сұрайды. Досының «Ия, дайынмын» деген жауабын алған соң ағайындары мен молдаға қарап «Құран әкеліңдер, Қасым, сенен досым ретінде сұрайтын қарызымның біріншісі - қазір осы жерде ақсақалдар мен молданың алдында Құран ұстап, менің кіші әйелімнен туған екі қызымды екі ұлыға айттырып құда боласың, екінші - менің қырқым өткен соң әйелім Көрпеш пен төрт баламды қасыңа көшіріп аласың, үшінші - екі ұлымды өз ұлдарыңдай өсіріп, малдарын аман сақтап, ержеткен соң айттырып әйел өперіп, шаңырақтарын көтеріп,

малдарын өздеріне табыстайсың, осыған Ант бер» дейді.

Қасым атам «Мақұл, досым» деп Құран ұстап Ант береді.

Аң-таң болған туыстары «Бауырым-ау, мұның не қылғаның, бетімізге салық қылып бала-шағаңды өз туыстарың тұрғанда айдаладағы Тақетке беріп жіберуің ақылға сыймайды ғой», десіп наразылықтарын білдіреді.

Сонда Исабек бай «Мен сендермен бар өмірім бірге өтіп келеді, сендерге керегі адам емес, мал ғой. Үлестеріңді жеткілікті қылып қалдырып отырмын. Ал, бірақ бір де біреуің менің балаларыма Қасым сияқты адалдықпен қарай алмайсыңдар. Мен төрт қатын алып, өліп-талып жүріп көрген ұрпағымның тағдырын туысым болсаңдар да сендерге сеніп тастап кете алмаймын. Мені көрдетынышжатындесеңдерменіңосы аманатымды бәрің орындайсыңдар» деп әңгіменің тоқтатын бірақ айтады.

Сонымен санаулы күні бітіп көктемге салып жер аяғы кеңі бастағанда дүниені шайқаған Исабек бай да бақилық болады.

Ақсу өзенінің бойындағы Көкқамыс деген жердегі көктеуіне көшіп келген Қасым атам досының қырқы өткен соң, жайлауға көшерде досының әйелі, Садыр елінің Асау руының қызы Көрпеш апам мен балаларын қасына көшіріп алып келеді.

Берген уәдесі бойынша досының үлкен қызын екінші ұлы Сейтбекке, кіші қызы Үркін-Сұлуды (Уазиха) бәйбішеден туған жалғыз қызынан асырап бауырына салған жиен немересі Байдаулетке (жанама аты Кезең) үйлендіреді.

Осы екі арада төңкеріс болып, өкімет ауысып, қызылдар бай-манаптарды көмпескелеуді бастайды.

Әкемнің ағасы Сейтбек атам өте пысық, заман аужайын болжай алатын, елге қамқорлығы мол болған кісі екен. Түбі қызылдардың белең алатынын біліп немере бауыры, жылына мың інген боталатқан атақты бай Құлдыбай қажының ұлы Мұқатайды ертіп Қапалдағы ревком төрағасына «Біз өз еркімізбен малдарымызды Кеңес Үкіметіне тапсырамыз, тек жер аудармаймыз, соттап атып-аспаймыз деген қолхат берсеңіздер болды» деп өтініш жазады.

Кепіл хатты қуана-қуана берген ревком басшылары дереу малдарды санап алып Құлдыбай қажының малдарынан алты колхоз, ішінде досы Исабектің балаларына тиесілі үлесі бар Қасым байдың малынан екі колхоз құрап біреуіне Сейтбек атамды арқасынан қағып төраға сайлап қояды.

Досына берген уәдесінің қыздары туралы аманаты орындалып, ұлдарының малы Кеңес Үкіметіне өтіп кеткенде «Досымның мойнымдағы қарызын өтей алмадым, О дүниеге барғанда Исабектің бетіне қайтіп қараймын» деп Қасекең бүктүсіп жатып қалған екен.

Сонымен жылжып отыз екінші ашаршылығы да жетеді. Колхоздың қорасында тұрған өзінің малынан он қадамнан жақын келген адамды атып тастауға бұйрық алған қарауылдан батпай, бір тоқты алып жей алмаған Қасым бай тоқалы Байғазы руының қызы Сақыпжамал апамнан туған он сегіз баласының өкпенен басқа он жетісімен бірге, Құран оқып отырған қалпында шейіт болып аштықтан өлген екен.

Қасым атам өлген соң досының аманаты балалары Сейтбек пен Төлегенге көшіп Исабек атамның ұлдарын жеткізеді. Енді аяқтандырамыз деп отырғанда соғыс басталып кетіп

ұлдардың біреуі майданда қаза тауып, екіншісі соғыстан кейін украин қызына үйленіп сол жақта қалып қояды.

Исабек байдың екі қызының үлкені Сейтбек атамның әйелі баладан қайтыс болып, үлкен құдағи Көрпеш апамыз бен кіші қызы Уазиха апам өле-өлгенше бізден іргесі ажырамай әкемді пана тұтып бірге болды. Әкей марқұм шешесіндей болса да Көрпеш апамды құдағи деп ылғи төрге шығарып құрметтеп, жеңгесі Уазиха апамды ағасындай сыйлап өтті.

«Балам, дос деген осындай болуы керек, Қасым мен Исабектің достығын Ел күні кешеге дейін аңыз қылып айтып келді. Дос болсаң осылардай басынасын шыдай алатын дос болу керек. Бұдан былай кім көрінгенді досым деп айта берме, Киелі сөздің қасиетін түсіресің. Дос болуға татитын адам ілуде біреу ғана болады, қалғанын әшейін жолдас немесе тамыр дей салса да болады» деп түйген еді.

## Бес қырғауыл

Ауылда әзілдері жарасқан екеуі түйдей құрдас Рахымбек және Екетай деген ағаларымыз болды. Рахымбек аға ауылдағы моншаны жағып, Екетай аға қалағы бар шынжыр табан трактор айдады. Қолдары қалт еткенде екеуі де аздап аңшылық жасап қоятын өнерлері бар еді.

Бірде моншада кезек күтіп отырған кезде біреу: «Рақа, жуық арада охотаға бардың ба?» деп сұрай қалады. «Менде көп уақыт бола бермейді ғой, кеше қолым бір қалт ете қалғанда Ақсу өзенінің бойына бара қалып едім, өзеннің беті жыпырлаған үйрек екен. Алдында ғана бір патронға санап отырып отыз бытыра салып қойған едім, ысқырып қалып үркіттім де, көтеріле бергенде шүріппені басып қалып бүркіп жібердім. Бұйырғанға дауа жоқ деген, бір бытырам да зая кетпей, отыз үйректі бір оқпен түсірдім» деген екен.

Отырғандар «Ой, пәлі» десіп енді Екетай ағаға қарайды.

«Кешке таман тоған байлап тастап қайтып келе жатсам, өзекте қырғауылдар жайылып жүр екен, мылтығымды үйге қалдырып кеткенім енді есіме түсіп неде болса құр қол қайтпайын деп газды түбіне шейін басып ағызып өтіп тоқтасам, бес қырғауылды мойнынан басып өтіппін» дейді.

Сонда Рахымбек ағамыз: «Трактордың жылдамдығы қырғауылды басып өтуге жетпейді, мен бұл өтірігіңе шыдай алмаймын» дейді ғой.

Сөйтсе Екетай ағамыз: «Ей Рахымбек, мен сенің отыз үйрегіңе шыдағанда сен менің айналдырған бес қырғауылыма шыдамайсың ба?» деген екен.

Әзілдері жарасқан қайран ағаларым-ай, екеуі де бақилық болды, жандары жәннатта болсын.

## Аю аты

Әкейдің немере бауыры Күнесбек ағам өте алғыр, жомарт һәм сері кісі болатын. Қатарынан қайраты асып туған ағамыз өзі палуан, көкпаршы, атбегі болуымен қатар ел билеген атқамінер қауыммен де жақсы тіл табысып берекелі тіршілік те жасайтын іскер адам еді.

Киімді де талғап киетін ағамыз

бен кеңшар директорын қатар қойсаң ағамыз бір өркеш биік көрінетін. Қызыл шырайлы өңді болған ағамыздың ел аузына ілінген жігітшілік өнері де талайды тамсандырып аңыз әңгімелер де туындап жататын.

Елуінші жылдардың соңына қарай Қытайдан қоныс аударған Күкең Кеңес үкіметінің заңын бұзып әйел үстіне он сегізге толмаған өң біткеннің сұлуы Қаракерей руының қызы Бәдікен жеңешемізді алды.

Екі әйелден туған жеті-сегіз бала ынтымағы жарасып бір шаңырақтың астында өсіп-өніп әлі күнге тату-тәтті өмір сүруде.

Үлкен жеңеміз енесімен және оқитын балаларға қарап ауылда болса, Күкең кіші жеңешемізбен кеңшардың бір отар қойын бақты. Жаз жайлау, қыс қыстау ағамыздың үйінен кісі үзілмейді. Малға жем-шөп тартқан механизатор, жоқ іздеген малшы, ел аралаған аудан-облыс басшылары күндіз-түні қайшыласып кіріп-шығып жатады. Алдыңғы қонақты аттандырып үлгермей орнын келесісі басып, қайта мал сойылып, қазан оттан түспейді.

Бәдікен жеңешем күндіз келген қырық адам, түнде келген қырық адамды қабақ шытпай қарсы алып «Ағаң деп келеді ғой» деп құрақ ұшады. Сол заманның үрдісіне сай қонақ келген соң тек қой сойылып тамақ қана ішілмей, таңды таңға ұрып карта ойналып, тұздығына «кәусар» ішілетін дәстүр де мықтап орныққан кез.

Бір күні жайлауда малшыларды аралап жүріп ағамдікіне келсем киіз үйдің жанындағы үлкен қойтаста бес-алты жаңа сойылған қойдың терілері жайылып тұр екен.

«Жеңеше тағы да қонақ басып қалған ба?» десем жеңешем сылқ-сылқ күліп, «Бәлі, сен ағаңның аю атқанын естіген жоқсың ба» дейді.

Біздің кеңшар жайлауда қойға қора жасатпайды, сондықтан түнімен тауда күнара жауын жауғанда найзағай мен күркірден, кейде аю тиіп үріккен кезде ықтап кететін отарды кезекпен күзетіп отырады.

Кезекті қонақтарды шығарып салған соң ағамыз дастархан басында отырған кезде найзағай шатырлап жарығынан отардың ортасында түреге тұрған бірдеменің сұлбасы көрінеді.

«Бәдікен, мылтықты әпер, аю келді» дейді ағамыз отырған қалпы. Жеңешем де екі айтқызбай мылтықты қолына ұстата береді. Сол сәтте найзағай тағы ойнап, жарық түскенде Күкең отардың ортасында серейіп тұрған «аюды» көздеп гүрс еткізеді. «Болды, енді бармай-ақ қойыңдар, таңертең терісін сыпырып аламыз» деп ағам жастыққа басын қояды. Ертеңгісін қараса қараңғыда аю деп атқаны күйлеген ешкіге секірген дәу теке екен, текемен бірге бытыра тиіп бес-алты қой да жан тапсырады. Кінәлі аю болғандықтан арам өлген қойларды соның мойнына жазып есептен шығаруға тура келді.

Мейірім шапағаты ағайын тұрмақ ауыл-аймаққа тегіс тиетін осындай ағатайым да өмірден өтіп кетті.

Шаңырақтың киесі болған, отбасындағы ерінің беделін бәрінен жоғары қойып әспеттейтін қазақ әйелдерінің ибалы жолын жалғаған, айна бір рет хабарласып қалін білмесем «Ағаң кеткен соң ұмытайын дедің бе» деп өкпелейтін асыл жеңешем аман болсын.

Берікбол ҚАСЫМОВ.

## Өлең - өмір

Қанатты ақыннан қанатты жырлар туады. Туған бетте байыз таппай көкті шарлайды, оқырмандарын да шаттыққа бөлейді. Ол өлеңдер әрбір қараған сайын жаңа көрінеді, бұрын оқылмаған шығармадай тың ойлар тудырады. Мұндай ақынның, әрине, бастауын таудан алып, төскейдегі армандас мың бұлақтармен қосылып буырқана ағатын лепті өзендей ағысымен, ағынымен естен кетпейтін қуатты жырларына ден қоймай тұра алмайсың... Менің қиялымның Бауыржан Жақыптың кітаптарын парақтағанда бөлмеге сыймай, шартарапқа алып ұшатыны сондықтан болар.

Бүгінгі таңда сағымға, сағынышқа айналған студенттік жылдарды ұмыту мүмкін бе? Сол бір кезді еске алғанда жастықтың жасыл орманын бірге аралаған мақсаттас замандастарыңның кескін-кейпі көз алдыңа келе қалады. Бізден кейінірек КазГУ-ге түскен талантты толқынның арасында "Қолтаңба", "Ұршық" атты өлеңдерімен-ақ өз қолтаңбасын айқындаған Бауыржан Жақыптың бітім-болмысы дараланып көрінеді.

Университеттен соң өзіме сыралғы аудандық газетке бардым да тұрақтап қалдым. Дегенмен аңсарым ару Алматы, ай аралатып әдеби-мәдени шараларға қатысуға уақыт табамын

Ой-сезімнен  
қанат байлаған

да жас ақындардың ортасынан табыламын. Сол жылдары Бауыржанның жүрек бұлқынысынан туған өміршең өлеңдерімен жиі сусындап, аяқ алысына ризашылығымды білдіріп жүретінмін. Ол "көк жорға" өлеңін ерттеп мініп:

"Жел болып бірде азынасам,  
От болып бірде маздасам,  
Шашасына шаң жұқпас,  
Шабытым барда жазбасам,  
Несіне тудым ақын боп?!" десе иланбай тұра алмадым.

Бауыржан Жақыптың "Білте шамның жарығы", "Айдындағы аспан", "Уақыт ұршығы", "Абайдың Қасқабұлағы" "Елік көрген", "Менің далам" жинақтарындағы сыршыл өлеңдері оқырмандарын баурап алғаны ақиқат.Әдеби кеңістікте өз орнын тапқан ақынның өлеңдегі өзіне ғана тән өрнектері мойындалып үлгерді. Өзі оқыған оқу орнында оқытушы, ка-

федра меңгерушісі, факультет деканы, ректордың кеңесшісі болғанда, Қазақ энциклопедиясын басқарған жылдарында, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасарлығына сайланғанда да шығармашылығын бір сәт босаңсытқан емес. Бүгінгі әдеби үдерістің тамыршысындай үлкендерге іні, кішілерге ақылшы аға бола білді.

"Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным,  
Ақ қанат таңның көрдім мен  
ғажап ұшқанын.

Көрдім мен сенің мөп-мөлдір  
айындарыңды,  
Алатау, Алтай, Қаратау-

айбындарыңды..." деп елі мен жерінің ертеңіне қызықтыратын айтулы ақынның қаламынан туған лирикалық, патриоттық тақырыптағы төлтумалары жаныңды желпіндіреді, санаңды сілкіндіреді,

танымыңды байытады.

Ақынның эпикалық ауқымы кең туындыларының бірі - "Жан даусы" поэмасы. Басынан бағы жамыраған Абыралы туралы элегия бір ауылдың емес, Қазақ елінің ғана емес жер-жаһанның зары,мұңы, қайғысы.

"Жыр жазған ақша бұлтқа тауың қайда,  
Билейтін мың бұралып талың қайда?  
Салатын кешің қайда түрлі сурет,  
Ән шырқап ататын ақ таңың қайда?  
Сол таңның шық-моншағы,

лағыл қайда,  
"Кел-кел" деп көзді арбайтын  
сағым қайда?

Абайдың жұртын іздеп келген жанның, Алдынан барлығы да табылмай ма?" деген қос шумақ ақынның жанайқайы. Зілзала зардабының салмағы поэманың "Дегелең тауының зары", "1949. Тамыздың жиырма тоғызы", "Қураған тоғайдың соңғы сөзі", "Боз даланың қасіреті", "Тартылған өзеннің мұңы" ... деп айдар тағылған тарауларында тереңдеп, жан азабы ауырлай түседі. Ақын көкірегін жарып шыққан жан айқайы уақыт өтсе де маңызын жоймайтын өлмес туындыға айналды.

Жомарт ИГІМАН,  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі.

**Белгілі этнограф – ғалым Ақселеу Сейдімбек ағамыз қазақтың дәстүрлі тыйымдарын бір ізге келтірген болатын. Бүгіннен бастап сол тыйымдарды назарларыңызға ұсынамыз.**

ҚАЗАҚТАР ҮСМАНҒАҢ  
ТЫЙЫМДАР

Бесікті теппе.  
Беттеп келе жатқан көп малды бойлай бөліп өтпе.  
Беті – қолыңды жуынбай тұрып, малды өріске шығаруға болмайды.  
Босағаға сүйенбе.  
Босағаны керме.  
Бос бесікті тербетпе.  
Бөтен үйге түнде сәлем беріп кірме («Кеш жарық» деу керек).  
Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.  
Біреуге тесіліп қарама.  
Бір қолмен нан үзбе.  
Бір қолыңмен су құйма.  
«Біссіміллә» демей ас татпа.  
Дастарханды аттама.  
Дастарханды пышақпен қырма.  
Дәм ішуді қонақтан бұрын доғарма.  
Дос – жаран, құда – жекжаттан ит алма, ит берме.  
Дүние қума.  
Екі кісінің арасынан өтпе.  
Елсіз жерде жалғыз ұйықтама.  
Елшіге тиіспе.  
Ербектің бес қаруына әйел адам тиіспес болар.  
Ер – тоқымды аударып қойма.  
Ер – тоқымды теріс салма.  
Ер адамды әйел түртіп оятпас болар.  
Ескі дауды еске алма.  
Ескі моншаға кірме.  
Есікті қатты серіппе («Қайтып кірер есікті қатты серіппе» деген).  
Есікті теппе.  
Жайдақ атқа мінбе.  
Жайдақ ерге мінбе.  
Жақсының жасын сұрама.  
Жақсыны әжуалама.  
Жақсы аттың жағын ашпа.  
Жақсы істі қызғанба. Жақыныңа міндетсі берме.  
Жалғыз тал шимен ұрма (жалғыз қаласың).  
Жаңа байығаннан қарыз алма.  
Жаңа түскен келіншек алғашқы перзентін көргенше іш киімін қысқартуға болмайды.  
Жаңа үйленгенмен қоңсы қонба.  
Жаралы басқа жұғыспа.  
Жастыққа отырма.  
Жасы үлкенге әзіл айтпа.  
Жас баланы ұрма.  
Жас босанған әйел үйге кірген итке

«кет!» демейді (тісі түсіп қалады).  
Жас келін түскен үйіндегі жақындарының атын атамас болар.  
Жас малдың мүйізін сипама (қисық болып өседі).  
Жас малдың тісін санама.  
Жас төлді сипай берме (өспей қалады).  
Жатарда көп тамақ ішпе.  
Жатқанда аяғыңды құбылаға берме.  
Жатқан кісінің үстінен аттама.  
Жатқан малдың үстінен аттама (омыртқасы сынады немесе қасқыр жейді).  
Жатып тамақ ішпе.  
Жаяу қамшыланба.  
Жеңіл ақылмен дос, жолдас болма.  
Жер таянба.  
Жер таянып отырып ас ішпе.  
Жетім – жесірге тиіспе.  
Жозыға мінбе.  
Жозының қасында тырнақ алма.  
Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар.  
Жүріп келе жатып тамақ ішпе.  
Жыңғылмен ат айдама.  
Жіптің астынан өтпе.  
Жіпті мойныңа салма.  
Қабірді баспа.  
Қазан ернеуін босағаға қарай қисайтып аспа (несібең сыртқа төгіледі).  
Қайшыны көк шөпке тастама.  
Қаралы елге тиіспе.  
Қара, қызыл, ақ түсті шүберекті үй үстіне жайма (қаралы тудың белгісі).  
Қарт адамның алдын кеспе.  
Қаруды адамға кеземе.  
Қатты сөйлеме.  
Қатынға қатты сенбе.  
Қатын мен балаға сыр айтпа.  
Қисынсыз сөз айтпа.  
Қой қырқатын қайшыны иесіне қайтарғанда қол жалғап берме (қайшыны жүнге орап, «мұны мен емес, жер берді» деп, жерге қояды).  
Қолыңды артыңа айқастырып жүрме.  
Қол жумай жозы қасына отырма.  
Қонағыңа ашуланба.  
Қонағыңды жұмсама.  
Қонақтың алдын орама.  
Қораға дәрет сындырма.  
Қотанда ысқырма.

МАҒЫНАСЫ ҰМЫТЫЛЫП  
БАРА ЖАТҚАН СӨЗДЕР

Аңдамақ- ұлттық ойын түрі.  
Талқы — иленген теріні жұмсартатын құрал («жиналыста талқыға салды» деген осыдан шықса керек)  
Шүлен — жомарт деген мағынаны білдіреді (шөлді шүлен етті, шүлен таратты деген тіркестер бар)  
Шаша — жылқының аяғындағы қыл (шашасына шаң жұқпас жүйрік)  
Құшнаш — бал ашатын әйел (бақсы құшнаш деп те айтады)  
Жеті амал — өте көне этнографиялық түсінік  
1. Күннің тоқырауы  
2. Қарашаның қайтуы  
3. Үркердің батуы  
4. Киіктің матауы  
5. Тоқсанның кіруі  
6. Мұздың қатуы  
7. Айдың тоғамы  
Ежеқабыл, Белқұда, Қызыл құда — балаларын тумай жатып атастырған құдалар  
Наурыз — парсы тілінен ауысқан «Жаңа күн» деген сөз. (Негізінде парсылар жылды 12 айға, оны үш айдан көктем, жаз, күз, қыс деп бөлуді көшпенділерден алған)  
Хакім — дана, данышпан (Хакім Абай) қазақ тіліне әкім, көкім болып кірген.  
Бүлдіргі — қамшының білекке ілетін бауы. (мұны «бүлдірге» деп те айтады.  
«Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі», «Бүлінген елден бүлдірге алма» дейді)  
Иянат — араб. Жала  
Қиянат (қиянат) — араб уәдеге опасыздық  
Аманат — өсиет, тапсырыс деген мағынада. (аманатқа қылма — қиянат).  
Иянар пен қиянат қосылса зиянатқа айналады.  
Асадал — ыдыс-аяқ сақтайтын қапшық (аяқ қап та сондай)  
Жел көз, тор көз — керегенің түрлері  
Бұйда — түйеге бұйда, атқа шылбыр тағылады  
Безгелдек — дуадақтар тобына жататын құс. (Мәссаған, безгелдек! -тандануды білдіретін одағай сөз)  
Шырға тарту — бүркітті аңға түсуге үйреткенде аңның тұлыбын (шырға) тартады.  
Абадан — қасқыр үйірінің басшысы (көсемі)  
Ережеп — үш күндік ораза (осылай аталатын кісі аты да бар)  
Толағай — тақыр жер («Тау толағай көрінер тасы кетер», «Ку толағай бастан-

бай» (Махамбет)  
Саһар — аққудың қоразы  
Әжектеу — сөз таластыру  
Сауын айту — үлкен асқа, тойға шақыру  
Атырау — өзеннің теңізге құяр жері  
Сыралғы — сый. («Батырдан — сауға, аңшыдан — сыралғы»)  
Шекелдік — жүгеннің шекелігін күмістеу  
Кеусен — егін орағы аяқталған соң астық тазалаушыларға, дәметушілерге берілетін үлес. (Мал сойғанда «қолкесер» берген сияқты)  
Әуселе — күш-қуат («Әуселеңді көріп алайын»)  
Көбеген — жас бала, балдырған. («Ерте туған көбеген» деп малдың төлін де айтады)  
Шүңет — ойдым, шұңқыр (шүңет көз)  
Жік — шайтан («Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты»)  
Шабыра — ешкі терісінен иленген былғары (шабыра шалбар кигені)  
Шікірә — жас баланың кекілінүкілеген, қызыл-жасыл суыртпақ жіп таққан, еркелеткен лағы («Бұл кімнің шікірәсі?»)  
Сақпан — тас атуға арналған құрал («Сақпанның тасындай сарт етті»)  
Сірге жияр — күзгі қой қырку, астық жинау сияқты жұмыстар аяқталған соң ауыл-аймақ үшін жасалатын шағын той.  
Аймауыт — батырларға арналып тігілген киім (кейде сауыт деп те айтады)  
Әмеңгерлік — некелестіру («аға елсе-іні, іні өлсе — аға мұра» дегендей)  
Жолбасар — жол торып, тонаушы дығы  
Сой — тұқым, тек, нәсіл («Мен ақсұңқар құстың сойымын» (Махамбет) текті ерлердің тұқымы деген мағынада айтылады)  
Пеш — түрік сөзі. Пиш, пыш, пісіру, жылыту деген мағынаны білдіреді  
Кірпіш — кір, лай, батпақты пісіру, яғни лайды күйдіруден шыққан. (бұған дейін орыстар пеш, кірпіш дегенді білмеген)  
Тіз киім — іш киім  
Әулет — бір атаға жататын үрім-бұтақ  
Шірік — сарбаз, жауынгер. («Ағайының көп болса — ұлы шерік қолмен тең» (Ақтамберді жырау

Жинастырып, жариялаған  
Масғұт ХАЛИОЛЛА,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

## Биотехнические мероприятия в зимний период на территории "Жонгар-Алатауского ГНПП"



Зимний период — это одно из самых сложных и суровых времён года для диких животных. Морозы, глубокий снег и нехватка корма создают серьёзные трудности для выживания зверей и птиц. Именно поэтому на территории "Жонгар-Алатауского государственного национального природного парка" (ГНПП) ежегодно проводятся биотехнические мероприятия, направленные на поддержку и сохранение фауны.

Основные мероприятия включают:

1. Подкормка диких животных: Сотрудники парка устанавливают и регулярно пополняют кормушки сеном, солью для копытных животных (маралы, косули, кабаны). Также размещаются кормушки для птиц с семечками, хлебными крошками и другим кормом.

2. Чистка водоёмов и источников: В зимний период многие родники и ручьи могут замерзать. Для того чтобы обеспечить животных доступом к воде, сотрудники парка очищают участки от льда и снега.

3. Снегоочистка троп и миграционных путей: Для облегчения передвижения животных расчищаются основные миграционные пути, особенно в местах скопления снега.

4. Мониторинг и охрана: Ведётся постоянное патрулирование территории с целью предотвращения браконьерства, а также слежения за состоянием диких животных и выявления нуждающихся в помощи.

5. Установка солонцов: Для восполнения минеральных веществ у животных устанавливаются солонцы — специальные места с размещённой солью и минеральными добавками.

Биотехнические мероприятия в Жонгар-Алатауском ГНПП играют важную роль в сохранении биологического разнообразия региона. Забота о дикой природе в трудный зимний период — это не только обязанность сотрудников парка, но и общее дело всех, кто ценит и любит природу. Только совместными усилиями мы сможем сохранить уникальный животный мир Казахстана.

А.ТУРЫСБЕКОВА,  
инженер экологического просвещения Сарканского филиала.

## Орман сәні — шырша, бірге оны қорғайық!

Қыс келіп, жер бетін аппақ қар жапқанда, Жаңа жыл мерекесі жақындай түседі. Бұл мезгілде көпшілігіміздің көз алдымызға шырша келеді. Әдемі безендірілген, түрлі түсті ойыншықтармен көмкерілген шырша — мерекенің ажырамас бөлігі. Алайда, бұл сұлулықтың артында табиғатқа келтірілген үлкен зиян жатуы мүмкін екенін естен шығармауымыз керек.

Шырша — тек мерекелік сән емес, орманның байлығы, табиғаттың тынысы. Ол — көптеген жануарларға мекен, ал адамзат үшін таза ауаның көзі. Әрбір кесілген шырша — бір табиғи тыныстың үзілуі. Сондықтан да біз, әсіресе жас ұрпақ, шыршаны кесіп емес, қорғап, оның орнына қолдан жасалған жасыл шыршаларды таңдауға үйренуіміз керек.

Мектептер мен балабақшаларда «Орман сәні — шырша, бірге оны қорғайық!» атты тақырыппен экологиялық тәрбие сағаттары, сурет көрмелері, шығармашылық байқаулар өткізу — балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Олар ерте жастан бастап, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды үйренеді.

Бүгінгі таңда әрбір азаматтың міндеті — табиғатты сақтау, орманды қорғау. Бұл тек мамандардың емес, баршаның жауапкершілігі. Егер әрқайсымыз бір шыршаны кесуден бас тартсақ, тал егіп, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарасақ — болашақ ұрпаққа таза табиғат, жасыл орман қалдырамыз.

Шыршаны заңсыз кесу — орман заңнамасын бұзу болып саналады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Мұндай құқық бұзушылықтар үшін мынадай жазалар қарастырылған:

1. Әкімшілік жауапкершілік (ӘҚБТК 381-бабы):— Егер адам рұқсатсыз ағаш кессе (соның ішінде шырша), оған айыппұл салынады: — Жеке тұлғаға — 10-нан 50 АЕК-ке дейін, — Лауазымды тұлғаға — 30-дан 100 АЕК-ке дейін, — Келтірілген залал үшін қалпына келтіру және залалды өтеу міндеттеледі.

2. Қылмыстық жауапкершілік (ҚК 340-бабы — "Орманды жою немесе заңсыз кесу"): — Егер шыршаны кесу әрекеті ірі залал келтірсе немесе топпен/қайта жасалса: — Қылмыстық іс қозғалып, — Айыппұл, түзеу жұмыстары, шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

3. Материалдық шығын өтеу: — Әр заңсыз кесілген шырша үшін экологиялық шығын есебі жасалып, кінәлі тұлға оны ақшалай өтейді.

Мысал: Орманнан шырша кескен мектеп оқушыларының ата-аналарына да айыппұл салынып, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Шырша — орманның сәні ғана емес, өмірдің тынысы. Келе жатқан Жаңа жыл мерекесін табиғатты қорғау идеясымен қарсы алып, әр адам шырша орнына жүрегіндегі жылуы мен мейірімін сыйласын. Табиғатты қорғайық — болашақты сақтайық!

М. КУЛЬПЕИСОВ,  
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалы  
Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

## ОХРАНА ЕЛОВЫХ ДЕРЕВЬЕВ В ПРЕДНОВОГОДНИЙ ПЕРИОД НА ТЕРРИТОРИИ «ЖОНГАР-АЛАТАУСКИЙ» ГНПП

С приближением новогодних праздников возрастает риск незаконной заготовки хвойных деревьев, особенно елей, которые традиционно используются в качестве новогодних символов. Для сохранения природного баланса и предотвращения ущерба лесным массивам, сотрудники Сарканского филиала ГНПП «Жонгар-Алатауский» ежегодно проводят комплексные меры по охране хвойных насаждений.



На территории национального парка произрастают редкие и ценные виды хвойных деревьев, включая ель тянь-шаньскую. Эти леса не только важны с экологической точки зрения, но и являются частью уникального природного наследия региона.

В предновогодний период усиливаются меры охраны: - Создаются специальные патрульные группы из числа государственных инспекторов, которые ведут круглосуточное дежурство; - Проводятся рейды по выявлению и предотвращению незаконной вырубке хвойных деревьев; - Осуществляется контроль въездов и выездов из лесной зоны, проверка автотранспорта; Ведётся профилактическая и разъяснительная работа с местным населением и школьниками

Однако стоит помнить: ель — это сердце леса, дыхание природы. Ее самовольная вырубка — не просто нарушение закона, а преступление против окружающей среды.

Согласно законодательству Республики Казахстан, незаконная вырубка ели является нарушением лесного законодательства и влечет за собой административную или уголовную ответственность.

Так, в соответствии со статьей 381 КоАП РК, за незаконную вырубку физическому лицу может быть назначен штраф от 10 до 50 МРП, а должностному — до 100 МРП. Кроме того, нарушитель обязан возместить причиненный экологический ущерб.

Если же действия повлекли крупный вред или совершены группой лиц, то наступает уголовная ответственность по статье 340 УК РК — вплоть до лишения свободы.

В настоящее время сотрудники Сарканского филиала ГНПП «Жонгар-Алатауский» проводят рейдовые профилактические мероприятия с целью предотвращения подобных нарушений. Также активно проводятся разъяснительные работы в школах и детских садах по теме охраны елей.

Д.МУХАМЕДХАНОВ,  
государственный инспектор РГУ «Жонгар Алатауский ГНПП»  
Сарканского филиала Аманбуктерского лесничества.

## Охрана хвойных молодняков!

Наступает один из самых любимых и веселых праздников-новый год. В целях предупреждения правонарушений в лесах и сохранения хвойных молодняков от незаконных рубок в предновогодний период по всей территории Республики Казахстан проводятся мероприятия, направленные на предотвращение и пресечение незаконной заготовки новогодних елей и других деревьев хвойных пород.

В рамках мероприятий проводятся: патрулирование на автодорогах общего пользования, на лесных участках. Целью патрулирования работников лесной охраны и сотрудников полиции является оперативное пресечение попыток заготовки новогодних елей и других деревьев хвойных пород, привлечение к ответственности лиц, допустивших незаконные рубки лесных насаждений.

Обращаем внимание, что согласно статье 381-1 Кодекса РК «Об административных правонарушениях», — Незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников, совершенных на особо охраняемых природных территориях (ООПТ) влечет за собой штраф в размере:

150 МРП -для физических лиц

450 МРП-для должностных лиц, субъектов малого предпринимательства или некоммерческих организаций

600 МРП — для субъектов среднего предпринимательства

1500 МРП для субъектов крупного предпринимательства с конфискацией незаконно срубленных деревьев и кустарников, транспортных средств и иных предметов нарушителя, явившихся орудием совершения указанных нарушений.

Кроме этого лицо, совершившее правонарушение — Незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников, совершенных на территории ООПТ привлекается к уголовной ответственности по статье 340 Уголовного Кодекса РК и наказывается штрафом в размере:до 200 МРП, либо исправительными работами в том же размере, либо привлечение к общественным работам на срок до 200 часов, либо арестом до 50 суток, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до 3 лет или без такового, с конфискацией имущества.

Также согласно постановлению правительства Республики Казахстан от 31.05.2007 года №441 «Об утверждении базовых ставок для исчисления размера вреда, причиненного нарушением лесного законодательства Республики Казахстан» за каждое уничтоженное или поврежденное дерево хвойных пород в предновогодний период взыскивается ущерб в размере 15 МРП за 1 единицу.

Уважаемые друзья берегите наши леса, сохраняйте природу и не омрачайте себе праздник незаконной рубкой лесных насаждений!

С. БАРАНОВ,  
государственный инспектор Тополевского лесничества.

Елімізде мемлекеттің тұрақты дамуына адал еңбегімен өлшеусіз үлес қосып жүрген жандар көп. Солардың бірі – Кенжетай Жұмағалиқызы. Сарқан ауданы Алмалы ауылының тұрғыны Тазабекова Кенжетай Жұмағалиқызы жолдасы Досжан Алдабергенұлы екеуі мал өсіріп, оның игілігін көріп келе жатқан еңбек адамдары. Мал өнімдерін ұқсатып, қатарластарына үлгі болған Кенжетай Жұмағалиқызы бүгінгі таңда осы саланың білікті ұйымдастырушыларының бірі. Ол «Тастұма» шаруа қожалығының басшысы, Сарқан аудандық тұрғын үй кеңесінің төрайымы, «Атамекен» ҰКП Жетісу өңірі бойынша облыстық кеңесінің мүшесі, аудандық кәсіпкерлер кеңесінің төрайымы, Жетісу облысы «Алтын Адам Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігінің Сарқан ауданы бойынша үйлестірушісі, «АМАНАТ» партиясының мүшесі, аудандық қоғамдық кеңес мүшесі, Алмалы ауылының «Аяулы асыл әжелер» ансамблінің жетекшісі.

Кенжетай Тазабекова ауданның қоғамдық өміріне белсенді қатысады: жергілікті бастамаларды қолдайды, жерлестеріне ауыл шаруашылығын дамыту идеяларын ілгерілетуге көмектеседі. Оның еңбекқорлығы, табандылығы және туған жеріне лайықты үлес қосуға деген шынайы ниеті көптеген адамдар үшін үлгі болып табылады.

Жуырда Талдықорған қаласында іскер әйелдер кеңесінің он жылдық мерейтойына орай «Әйел кәсіпкерлігі – мемлекеттің тірегі» атты форум өткізілді. Өңірдің экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін әрі өңірдегі іскер әйелдер кеңесінің көпжылдық қалтқысыз еңбегі үшін кейіпкеріміз «Шапағат» медалімен, «Жомарт жан» төсбелгісімен марапатталып, сондай-ақ экономиканы және жеке кәсіпкерлікті дамытуға қосқан жеке үлесі үшін «Атамекен» ҚР ҰҚП төралқа төрағасы Р. Баталовтың қолынан «Адал еңбегі үшін» III дәрежелі сертификатқа ие болды.

-Жетістіктерге тоқталсақ іскер

# Еңбек адамы - ел тірегі

әйелдер кеңесінің 3 мүшесі «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысып, жеңімпаз атанып 5 млн.теңгенің грантын жеңіп алды. Көрмелерге барамыз, Қытай мемлекетінде форум болып, сонда өздері шығарған өнімдерін таныстырды. Астана қаласына кеңес мүшесі Эльмира Ақпанова барып, жүннен жасалған бұйымдарын таныстырды. Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту қорының қолдауы арқылы кәсіпкерлер өздерінің істерін кеңейтіп, өнімдерін өткізуде. Сарқан аудандық іскер әйелдер кеңесі өңірдегі қайырымдылық шараларынан тыс қалмай, өз үлестерін қосуда. «Мектепке жол» акциясы, 1 маусым балаларды қорғау күні тағы сол сияқты мерекелерде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қол ұшын беруді дәстүрге айналдырған. Келесі жылы Эльмира Нұрқасымқызы қаладағы колледждердегі білімгерлерге колөнер бұйымдарын жасау бойынша шеберлік сағаттарын өткізіп, өз іс-тәжірибесімен бөлісуді мақсат етіп отыр,- дейді Кенжетай Тазабекова.

Кенжетай Жұмағалиқызының айтуынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы аймақтарда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында «Бір ауыл – бір өнім» (БАБӨ) жобасын жүзеге асырып келеді. Аталмыш жобаны бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік кәсіпкерлікті дамытуға және жергілікті өндірушілерді қолдауға бағытталған мемлекет пен бизнестің тиімді қарым-қатынасының табысты үлгісі ретінде жоғары бағалады.

БАБӨ жобасын «Атамекен» ҰКП 2023 жылдан бастап Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігімен (JICA) бірге ҚР Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен жүзеге асы-



руда. Осы уақыт аралығында Палата жобаны іске асырудың орнықты моделін қалыптастырып, оның әдістемелік сүйемелдеуін, республикалық және өңірлік деңгейде үйлестірілуін, жұмыс топтары мен бренд-комитеттердің құрылуын, сондай-ақ жоба қатысушыларына кешенді қаржылай емес қолдауды қамтамасыз етті. «Атамекен» ҰКП мен оның аймақтық бөлімшелерінің белсенді жұмысы жобаны ауқымдауға, өңірлік өндірушілердің көп бөлігін тартуға, сондай-ақ БАБӨ жобасын жергілікті кәсіпкерлікті дамытудың тиімді құралына айналдыруға мүмкіндік берді.

Жуырда Қазақстан Республикасы Үкіметі кәсіпкерліктің қаржылай емес қолдауын қамтамасыз ету ережелеріне өзгерістер енгізген болатын. Қабылданған түзетулер БАБӨ жобасы аясында жүзеге асырылатын шараларды нормативтік түрде бекітіп, аймақтық өндірушілердің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Жаңартылған тәсілдер Мемлекет басшысының өңірлік кәсіпкерлікті дамыту, жергілікті өндірушілерді қолдау және аймақтарда орнықты экономикалық өсу нүктелерін қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде «Атамекен» ҰКП мен Үкіметтің жүйелі және тиянақты бірлескен жұмысының

нәтижесі болды.

Ережелерге енгізілген өзгерістер БАБӨ жобасының ауқымын едәуір кеңейтті. Атап айтқанда, енді өңірлік көрмелер қорытындысы бойынша жұмыс топтары 20 өнім түріне дейін (бұрын – 10) іріктей алады. Ал бренд-комитеттердің отырысы нәтижесінде бұрынғы үш өндірушінің орнына 10 финалист анықталады. Бұл өзгерістер кәсіпкерлерді қамту ауқымын кеңейтуге, аймақтық өндірушілер арасындағы бәсекелестікті арттыруға және жергілікті брендтердің санын көбейтуге бағытталған.

«Атамекен» ҰКП Президенттің тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша Үкіметпен бірлескен жүйелі жұмысын жалғастыра бермек. Қолдау құралдарын кезең-кезеңімен дамытып, кәсіпкерлерді дамудың барлық кезеңінде сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Палата Президент айқындаған бағыт бойынша жұмысын ары қарай да жалғастырып, өңірлік экономиканы нығайту және шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттердің іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етуді алдағы уақытта да басты назарда ұстайды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

## •101 ескертеді

## Пиротехникалық құралдарды пайдалану ережесі

Жаңа жылдық мерекелер жақындап келеді, олар дәстүрлі түрде отшашулар мен салюттармен бірге жүреді. Бірақ мереке эйфориясында сіздің қауіпсіздігіңіз бен айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігі туралы ұмытпаңыз.

Пиротехникалық өнімдерді бақылаусыз сату және оны қажетті өрт қауіпсіздігі шараларын сақтамай қолдану көптеген өрттердің және адамдардың, негізінен балалар мен жасөспірімдердің жарақаттануының себептері болып табылады. Пиротехникалық бұйымдар жоғары қауіптілік көзі болып табылады және ерекше назар аударуға лайық.

**Қауіпсіздіктің негізгі шаралары:** - Пиротехниканың барлық түрлері тек көшеде пайдалануға арналғанын есте сақтаңыз. Олар адамдар көп жиналатын жерлерде пайдаланылмауы тиіс.- Қатты жел кезінде жел бойынша қауіпті аймақ мөлшерін 3-4 есе ұлғайту керек.

**Үзілді-кесілді тыйым салынады:** - 5 м/сек астам жел кезінде пиротехниканы қолдану; - сәйкестік сертификаты жоқ өнімдерді пайдалану; - егер қауіпті аймақта адамдар, жануарлар, жанғыш материалдар, ағаштар, ғимараттар, тұрғын үй құрылыстары, электр сымдары болса, пиротехникалық құралдарды жаруға; - жарамдылық мерзімі өткен және көрінетін зақымдары бар бұйымдарды пайдалануға; - балаларға пиротехникалық бұйымдарды өз бетінше іске қосуға; - ылғалданған бұйымдарды жылыту аспаптарында - жылыту батареяларында, жылытқыштарда және т. б. келтіруге.

Есте сақтаңыз! Өз қауіпсіздігіңіз - өз қолыңызда!

Т.ТӨЛЕГЕН,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

## Қауіпсіз жаңа жыл

«Жаңа жыл» десе көз алдымызға гирляндардың әсем толқыны, бенгал жарығының жарқырауы, керемет отшашулар, сыйлықтар елестейді. Алайда мереке күндерін тек бақытты сәттермен өткізу үшін өрт қауіпсіздігі ережелеріне ерекше назар аударып, сақтық шараларын сақтау қажет. Келесі сақтық шараларын сақтаңыз: - шыршаны плита, пеш, камин, жылыту құрылғыларынан алыс орнатыңыз; - шыршаны қозғалысқа кедергі келтірмейтіндей орынға қойған дұрыс; - шыршаны орнататын мықты сүйеніш алыңыз; - бенгал шамдарына фишкалар мен шырқақтарды пайдалану өрттің пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін екенін есте сақтаңыз; - балаларға ересектердің қадағалауынсыз шыршамен ойнауға рұқсат бермеңіз және ашық отты пайдаланбаңыз (майшам және т.б.); - барлық электр тауарларында сапа сертификаты болу керек; - жағымсыз иіс немесе ұшқын шамдардың жыпылықтауы, сымдардың ысып кетуі тәрізді ақау пайда болғанда жарық беруді өшіріп ақаулы затты жөндеу қажет. Мәселе шешілмейінше гирлянданы қолданбаңыз; - шырша өртеніп кеткен болса сіз оны еденге төңкеріп төсенішпен немесе тығыз жабынмен жабылған ауаның ағынын шектеп үстіне дереу су құйыңыз. Өрт болған жағдайда 101 нөміріне хабарласыңыз!

Е. ЖАПАРҒАЛИ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

## Жаңа жылдық мерекелерде тамақтан уланудың алдын алу

Жаңа жылдық мерекелер қарсаңында өнімдерді алдын-ала сатып алу, аспаздық тағамдардың, салаттардың, кондитерлік өнімдердің көптігі тамақтан улану проблемасын туындатып, қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Жаңа жылдық мерекелерде тамақтан улану жағдайларының жартысынан көбі - мерекелік үстелден қалған тағам өнімдерін және басқа да тез бұзылатын өнімдерді сақтау және тұтыну себептерінен болады.

**Тамақтан уланудың алдын алу үшін, мына шараларды сақтау қажет:** жарамдылық мерзімі өткен және (немесе) дұрыс сақталмаған тағамдарды жеуге болмайды; қаптаманың тұтастығы бұзылған және таңбалау белгілері (жапсырмалары) жоқ тауарларды сатып алмаңыз; рұқсат етілмеген сауда орындарынан азық-түлік сатып алмаңыз; банкарлардың тығыздығы бұзылған, бомбаждалған, тот басқан, деформацияланған, жапсырмасы жоқ консервілерді сатып алмаңыз; тұтынар алдында көкөністерді, жемістерді, жидектер мен шөптерді мұқият жуыңыз; бұзылу белгілері бар көкөніс өнімдерін пайдаланбаңыз; жеке гигиенаны сақтаңыз: тамақ дайындамас бұрын, тамақтанар алдында қолыңызды мұқият жуыңыз; салаттар, туралған ет пен балықтан жасалған бұйымдар, холодец, винегрет, аз мөлшерде пісіріңіз, өйткені олардың жарамдылық мерзімі шектеулі. Салаттарды тек үстелге қояр алдында ғана тұздықпен дәмдеу керек. Тез бұзылатын тағамдар мен дайын салаттарды бөлме температурасында сақтамаңыз, жаңа дайындалған тағамды алдыңғы тағамдардан қалған өнімдермен араластырмаңыз. Тамақ өнімдерінің қалдықтарын қолданар алдында термиялық өңдеуден өтуін қадағалаңыз; тамақ дайындау технологиясын сақтаңыз, жұқпалы аурулар қоздырғыштары мен олардың токсиндерінің жойылуын қамтамасыз ететін тағамдардың термиялық өңдеуін мұқият жүргізіңіз; жабдықтар мен ас үй құралдарын таза ұстаңыз, шикі және дайын өнімдер үшін бөлек кесу тақталары мен пышақтарды пайдаланыңыз.

Мерекелер кезінде шамадан тыс тамақтану дене үшін үлкен стресс болып табылады, сондықтан тамақтануды шектеу ұсынылады.

Сондай-ақ, жаңа жылдық мерекелер кезінде сапасыз алкогольмен уланудың алдын-алу туралы ұмытпаңыз. Алкогольді қолдан немесе күмәнді жерлерде сатып алмау керек, бұл үшін супермаркеттердің бөлімдері немесе арнайы шарап сататын дүкендер бар.

Қаптаманың және таңбалаудың сапасын қадағалаңыз (акциздік маркалар мен штрих-кодтың болуы, Өндіруші туралы ақпарат, құрамы, заң талаптарына сәйкестігі); ішетін алкоголь мөлшерін шектеңіз.

Осы ұсыныстарды орындау тамақтан улануды болдырмауға көмектеседі.

Р. ОРЫНБЕКОВА,

Сарқан аудандық СЭББ жетекші маманы.

## Желтоқсаншылармен жүздесу



Жуырда мектебімізде мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан бүгінгі күннің батырлары, желтоқсаншылар Ақжолов Мұрат және Сасықбаев Қаирбек ағаларымызбен 9-10 сынып оқушылары арасында кездесу болып өтті.

Мақсаты жастарға патриоттық тәрбие беру, ел тарихындағы маңызды оқиғалар туралы мағлұмат беру және ерлікке, әділеттілікке баулу.

Кездесу барысында ардагерлер оқушыларға Желтоқсан көтерілісінің себептері мен маңызын баяндап, өздерінің бастан кешкен сәттерімен бөлісті.

Оқушылар ардагерлерге сұрақ қойып, пікірлерін білдіріп, патриоттық әндер шырқап, алғыстарын жеткізді. Бұл шара жас ұрпақтың туған елге, тәуелсіздікке деген сүйіспеншілігін арттыруға зор ықпал етті деген ойдамын.

Е.ДУБЭЭН,

№1 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

ЖҮЗДЕРГЕ КҮЛКІ,  
ЖҮРЕКТЕРГЕ ҮМІТ СЫЙЛАДЫ

Жаңа Жыл мерекесі - ғажайыпқа, қуанышқа толы, әр отбасына шаттық әкелетін сиқырлы мереке! Осынау көптен күткен мейрам Сарқан қаласындағы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Мүмкіндігі шектеулі балаларға және 18-жастан асқан азаматтарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету" бөлімшесінде "Қош келдің Жаңа Жыл! атты мерекелік шара аталып өтті.

Қызмет алушы балалар мерекелік шыршаны тамашалап, өз өнерлерін көрсетіп, шыршаны айналып, Аяз ата мен Ақшақардан сыйлықтарын алды. Өздері сондай көңілдері көтеріңкі болып, мерекені айқын сезінді. Бауыр еті – балаларының қуанышын бөліскен ата-аналарда ақ жарқын тілектерін жаудырды.

Әр Жаңа Жыл сайын Сарқан ауданының барлық балаларына мерекелік көңіл-күй сыйлап, риясыз көңілден тәттілерін ұсынатын жаны жылулыққа, мейірімділікке, жүрегі жомарттыққа толы жан - Сарқан ауданының Құрметті азаматы, жеке шаруашылық қожалығының басшысы Абдрахимов Мират Хаматайұлына алғысымыз шексіз!

Мират Хаматайұлы Сіз қай кезде де қайырымдылық жасаудан кенде емессіз. Қаншама жүздерге күлкі, жүректерге үміт сыйлап келесіз. Қайырымды ісіңізбен өзгелерге үлгі болып, адал еңбегіңізбен алғысқа бөлене беріңіз! Өзіңізге және отбасыңызға жаңа жылда зор денсаулық, ырыс пен ынтымақ, ісіңізге бақыт пен береке, несібе мен дәулетіңіздің арта беруіне тілектеспіз!

Т.ДИХАНБАЕВА,

"Мүмкіндігі шектеулі балаларға және 18-жастан асқан азаматтарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету" бөлімшесінің меңгерушісі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ/ОБЪЯВЛЕНИЕ

•Продается 2 участка, 2 дома. Один дом с подвалом, отопление с подвала, продается с мебелью со всем имуществом. Заходи и живи. Обращаться по адресу г. Сарқан, ул. Аймауытова (Титова) №27, тел. 8777 7562644.

•Тукиаев Ардак Адильхановичтің атына тіркелген Сарқан ауданы, Аманбөктер ауылы, Смағұл көшесі №4 үйдің 0,1050 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-043-226) уақытша (ұзақ мерзімге, қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін №1518795 нөмірлі мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•Открылось наследство после смерти Панфилова Николая Сергеевича. Наследников просим обратиться к нотариусу Алиевой Асем Избасаровне по адресу: г. Сарқан, ул. Чепрасова дом №56 возле Казпочты.

## Сен туған күн, мерекенің!

Құрметті Шолпан Өмірзақ-қызы!

Сізді зейнеткерлік демалысқа шығуыңызбен кәсіподақ ұйымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Ұзақ жылдар бойы атқарған адал еңбегіңіз бен жауапкершілігіңіз үшін алғыс білдіреміз. Сіздің еңбегіңіз зор құрметке лайық. Алдағы өмір кезеңі Сізге тыныштық пен мол қуаныш әкелсін. Деніңіз сау, көңіліңіз көтеріңкі болып, отбасыңыздың амандығы мен жақындарыңыздың шаттығына бөлене беріңіз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, бейнетсіз берекелі ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз!



Ізгі ниетпен: Жетісу орта мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымы.

## МАҒЫНАЛЫ ДЕМАЛЫС

Қарабөгет ауылына нағашы атам Байжан мен Сәуле апамның үйіне мейрамда, каникулда келіп тұрамыз. Өткен күзгі каникулда ауылға нағашы ағам Дарханмен бірге келдім. Талдықорғаннан бөле бауыр-қарындасым Жанали, Аянат та келді. Бәріміз бір-бірімізді көріп қуанып қалдық.

Таңертең тұрып бәріміз таңертеңгілік жаттығу жасаймыз. Үй жұмысына көмектесеміз. Түстен кейін атам, Жанали, мен спорт алаңына барып, өзім құралпас балалармен футбол ойнаймыз. Кішкентай қарындасарымыз Аяла, Айназды ойнатамыз. Кешке үйде Абайдың қара сөздерін, Отан туралы мақал-мәтел оқып, жаттап мағынасын, түсінгенімізді атама, апама айтамыз. Жеңгем Қаламқас дәмді, неше түрлі тағамдар әзірлейді.

-Ауылда көп нәрсені үйрендім. Мысалы: бақша шөптеу, алманы қаққа турау, екі кісілік пышқымен ағашты отынға кесу, ағашты шегелеу. Бөле ағам Ер-назар екеуіміз велосипед тебеміз, орталыққа спорт алаңына барып футбол ойнаймыз,- дейді Жанали.

-Мен ақын Е.Өтетілеудің "Мен қазақ баласымын" өлеңін жаттап алып, атама оқып бердім. Себебі, атам, апам айтпақшы білім-кітапта,- дейді Аянат.

Байжан атам маған 2-ші сынып оқып жүргенімде ертегілер кітабын сатып берді. Атам мен апам бізге жақсы оқу үшін кітап оқындар, білімді, мәдениетті, иманжүзді болындар деп айтып отырады.

Ерназар ШАЙМҰРАТ,

Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің 6 "а" сынып оқушысы.

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ  
МОНИТОРИНГ ЖОСПАР - КЕСТЕСІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №11-НҚ бұйрығымен 2026 жылға арналған квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің мониторинг жоспар - кестесі бекітілді.

Мониторинг объектілерінің тізіміне Жетісу облысының 41 квазимемлекеттік сектор субъектісі кірді. Аталған мониторинг 38 білім саласына, 2-сумен жабдықтау саласына, 1-сараптау саласына қатысты жүргізілетін болады.

УТВЕРЖДЁН ПЛАН-ГРАФИК МОНИТОРИНГА  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Приказом руководителя Департамента Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу утверждён план-график мониторинга деятельности субъектов квазигосударственного сектора на 2026 год.

В перечень объектов мониторинга включён 41 субъект квазигосударственного сектора области Жетісу. Мониторинг будет проведён в отношении 38 субъектов в сфере образования, 2 — в сфере водоснабжения, 1 — в сфере экспертизы.